

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр энергетика және электртехника

5B071800 – Электр энергетикасы

Электр машиналары және электр жетегі

институты
мамандығы
кафедрасы

жұмысты орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Тасқалибаев Сүлеймен Омарович
(аты - жөні)

Жұмыс тақырыбы Мунараалы крапкылы көтеру механизмінің электр тегежге жүйесінің
ректордың «26» қазан 2019 ж. № 124 бұйрығы бойынша бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «__» 2019 ж.

Жұмысқа бастапқы деректер (талап етілетін жұмыс нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

Мунараалы крапкылы көтеру механизмінің электр тегежге жүйесінің бастапқы параметрлері:
Күрделілігі максимал мәнімен $m_{max} = 2$ тонна,
күрделі көтерудің максимал биіктігі $H = 54$ м,
күрделі көтеру қабілетінің $V = 0,41$ м/с, жүккі
массасы $G_n = 0,250$ т, инерциялық моменті
 $J_m = 600$ кг·м², редуктордың беріліс саны $i = 23,6$
барaban диаметрі $D_b = 0,4$, шкивмен есігі $i = 2$.

Диплом жұмысындағы әзірленуі тиіс сұрақтар тізімі немесе диплом жұмысының қысқаша мазмұны:

Көтеру механизмінің электр тегежге жүйесінің
маңызды параметрлері. Крапкылы электр тегежге жүйесінің
түрлері және бөлшектері түрлері. Көтеру
механизмінің қабілетінің және қабілетінің
диаграммалары. Электр жетегінің және
ақыл орадының сұлбаларының электр пара-
метрлері. Автоматтардың және электр тегежге
жүйесінің түрлерінің және
оның негізгі элементтері.

Сызба материалдарынын (міндетті түрде дайындалатын сызуларды көрсету) тізімі

Крандордты түрлері, Крандты электр темекілерінің түрлері және балқару түрлері. Электр темекінің түрлерінің квадратшабы. Электр темекінің табити және тасары статикалық сипаттамалары. Электр қозғалтқыштары тасары және табити сипаттамалары. Электр темекінің функцияларды және құрылымды сипаттамалары. Қозғалтқыштың математикалық моделі және құрылымды сызба. Электр темекінің динамикалық сипаттамалары. Электр темекінің қажеттік дәрежесі. Экономикалық тиімділік.

Негізгі ұсынылатын әдебиеттер

1. Вайсов А.А. Подъемно-транспортные машины: Учебник для вузов 1989.
2. Справочник по кранам В 2-х т. Голубев Н.М. 1988 г.
3. Леховский А.В., Волкова Л.П., Ракицкий В.И. Регулирование ЭП шахтных установок Уг. посодне - М.: МЭИ, 1984 г.
4. Шеховцев П.В., Расчет и проектирование ЭУ и установок ТМ М.: ФОРУМ 2010 г.
5. Герман-Таланка С.Г. Компьютерное моделирование полупроводниковых систем в "МатКаб 6.0. 2001 г.

Жұмыс бойынша бөлімшелерге қатысты белгіленген кеңесшілер

бөлімшелер	кеңесші	мерзімі	қолы
Экономикалық бөлім	Сотиева Н.Е.	04.06-11.06.19	
Электрлік бөлім	Мустафин К.Т.	04.06.-12.06	
Архитект. бөлім	Агабеков И.И.	04.06.-10.06	

ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫН ДАЙЫНДАУ

КЕСТЕСІ

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1.	Қоғамдық және олардың ӘТК туралы тақырыптық мақалалар	11.02.2019.	
1.1.	Қоғамдық туралы	18.02.2019.	
1.2.	Қоғамдық мәселелеріне қатысты мақалалар	25.02.2019.	
1.3.	Қоғамдық ӘТК басқару туралы	11.03.2019.	
α.	Қоғамдық қоры мәселелеріне ӘТК құрылымдық жүйесі туралы	18.03.2019.	
2.1.	Қоғамдық мәселелерінің түрлері мен есептеу	27.03.2019.	
2.2.	ӘТК құрылымдық жүйесі туралы сұрақтар мен есептеу	15.04.2019.	
2.3.	ӘТК құрылымдық жүйесі туралы сұрақтар мен есептеу	22.04.2019.	
3.	ӘТК құрылымдық жүйесі туралы тақырыптық мақалалар	29.04.2019.	
3.1.	Түркістан облысының қоры туралы есептеу	13.05.2019.	
3.2.	ҚТ ӘТК құрылымдық тақырыптық мақалалар	20.05.2019.	
4.	ӘТК тақырыптық және қоғамдық статистикалық материалдар	27.05.2019.	
5.	ӘТК құрылымдық және құрылымдық сұрақтар мен есептеу		
6.	ӘТК құрылымдық жүйесі туралы	12.06.2019.	
7.	ӘТК құрылымдық жүйесі туралы	11.06.2019.	

Тапсырманың берілген уақыты « _____ » _____ 2019 ж.

Кафедра меңгерушісі

(қолы)

(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жұмыс жетекшісі

(қолы)

(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы қабылдаған студент

(қолы)

(аты-жөні)

Мазмұны

Кіріспе.....	8
1 Крандар және олардың электржетектері туралы жалпы мағлұматтар.	9
1.1 Крандардың арналымы, түрлері	9
1.2 Көтеру механизмінің электржетегіне қойылатын талаптар.....	
1.3 Кранның электржетектерінің түрлері және басқару жүйелері.....	13
1.4 Көтеру механизмі үшін электржетек жүйесін таңдау.....	17
2 Кранның көтеру механизмінің электржетегінің күштік элементтерін таңдау.....	18
2.1 Көтеру механизмінің жүктемесін есептеу және жетектің электрқозғалтқышын таңдау.....	18
2.2 Электрқозғалтқыштың және оның орынбасу сұлбасының есептік параметрлерін анықтай.....	21
2.3 Электржетегінің жүктемелік диаграммасын тұрғызу.....	24
2.4 Көтеру механизмінің электрқозғалтқышын қызуға және артық жүктелуге алдын-ала тексеру.....	28
3 Автоматтандырылған электр жетегінің жиіліктік түрлендіргішін таңдау және оның негізгі элементтерін есептеу.....	30
3.1 Комплектілік жиіліктік түрлендіргіштің типін таңдауды негіздеу.....	30
3.2 Жиіліктік түрлендіргіш тізбегінің параметрлерін есептеу және элементтерін таңдау.....	31
4 Электр жетегінің табиғи және жасанды статикалық сипаттамаларын анықтау.....	34
4.1 Электр қозғалтқыштың табиғи сипаттамаларын анықтау.....	34
4.2 Электрқозғалтқыштың жасанды сипаттамаларын тұрғызу.....	37
5 Электржетектің функционалдық және құрылымдық сұлбалары және динамикалық режимдерді зерттеу.....	43
5.1 Электржетектің функционалдық және құрылымдық сұлбалары.....	43
5.2 Қозғалтқыштың математикалық моделі және құрылымдық сұлбасы..	46
5.3 Электржетектің реттелетін параметрлерінің датчиктерін таңдау.....	49
5.4 Электржетектің динамикалық сипаттамаларын талдау.....	50
6 Өмір тіршілік қауіпсіздігі.....	57
6.1 Кранмен жұмыс жасау кезіндегі техника қауіпсіздік шаралары.....	57
6.2 Кабинадағы жасанды жарықтандыруды есептеу.....	61
6.3 Крандардың биіктігіне байланысты аймағын анықтау.....	62
7 Экономикалық бөлім.....	65
7.1 Крандық құрылғыларға арналған электр жетек жүйесін таңдау нұсқаларын технико-экономикалық салыстыру.....	65
7.2 Капиталдық салымдар мен материалдық шығындарды есептеу.....	67
7.3 Жобаның экономикалық тиімділігін есептеу.....	73
Қорытынды.....	75
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	76

Кіріспе

Крандар халық шаруашылығының барлық салаларында жүк көтеру-түсіру, тасымалдау үрдістерін механизациялау үшін кеңінен қолданылатын негізгі техникалық құралдары болып саналады. Қазіргі кезде жүк көтеру қондырғыларын көптеген заводтар шығарады және олар барлық салаларда - кен өндірісінде, металлургияда, машина жасау өндірісінде, құрылыста, транспортта және тағы басқа өндіріс саласында кеңінен қолданады.

Жүк көтеру қондырғыларының энергетикалық және экономикалық тиімділігін арттыру маңызды және өзекті бағыты ретінде қарастырылады. Бұл қолмен істелетін ауыр жұмыстары барлық дерлік крандар арқылы атқарылуымен байланысты.

Крандардың барлығы дерлік электржетектерімен жабдықталған. Сол себепті де крандардың тиімділігі оларда қолданатын электрлік жабдықтардың тезниалық және эксплуатациялық көрсеткіштеріне көп тәуелді болады.

Крандардың көпшілігі жиі іске қосылады, қайталанатын қысқа мерзімді жұмыс режимінде жұмыс істейді, жылдамдығы кең диапазонда реттелуді қажет етеді. Үдеу және тежеу үрдістері кезінде үлкен артық жүктемелер пайда болады.

Осыған орай, электр жетегін қолданудың ерекше жағдайлары крандар үшін арнаулы электрқозғалтқыштар мен электрлік аппараттарын, электрлік жүйелерін жасауға негіз болды.

Қазіргі заманғы крандық жабдықтар құрамына тұрақты және айнымалы токтардың қозғалтқыштары, әртүрлі түрлендіргіштер, күштік магниттік контроллерлер, бұйрықтық аппараттар, тежегіш электромагниттер және тағы басқа жетілдірілген құралдар кіреді. Тиристорлық реттеудің әртүрлі жүйелері қолданылады.

Соңғы кезде шетелдегі металлургия кәсіпорындарында және басқадай салаларда жиіліктік реттелетін электржетектері бар крандарды пайдалануда тұрақты беталыс байқалуда. Кран шаруашылығында реттелетін жетекті пайдалану әжептеуір энергия үнемдеуге, жұмыс істеу сенімділігін арттыруға, эксплуатациялық көрсеткіштерді жақсартуға мүмкіндік тудырады, ақау және апаттық жағдайларға әкелетін факторларды азайтады.

Сонымен қатар, жиіліктік реттелетін жетектер әртүрлі ауыспалы үрдістері кезінде жетектің кинематикалық тізбегінің элементтеріндегі динамикалық салмақтың айтарлықтай төмендеуіне алып келеді.

Дипломдық жобаның мақсаты – жүк көтергіштігі 8 тонна мұнаралық кранның көтеру механизмінің электржетегін жетілдіру.

Бұл мақсатты орындау үшін дипломдық жобада крандардың электр жетектеріне және басқару жүйелеріне қойылатын талаптар анықталып, көтеру механизмі үшін тиімді, заманауи электр жетегі жүйесі ретінде «жиіліктік түрлендіргіш-асинхронды қозғалтқыш» жүйесі таңдалынған. Ұсынылған жобаның экономикалық тиімділігі негізделіп, өмір тіршілігі қауіпсіздігі шаралары қарастырылған.

1 Крандар және олардың электржетектері туралы жалпы мағлұматтар

1.1 Крандардың арналымы, түрлері және жұмыс режимдері

Крандар деп вертикаль және горизонталь бағытта жүкті қозғалтатын, цикл бойынша әрекет ететін жүккөтергіш қондырғы.

Крандар кен өндірісінде, металлургияда, машина жасау өндірісінде, құрылыста, транспортта, яғни барлық өндіріс салаларында кеңінен қолданады.

Кранның негізгі сипаттамасы - олардың жүк көтергіштігі. Крандар қолдану саласы мен құрылымы бойынша топтамаларға бөлінеді.

Конструкцияларының ерекшеліктеріне, арналымына және жұмыстық жағдайларға байланысты крандарды көпірлік, порталдық, мұнаралық және т.б. түрлерге бөледі.

Крандар арналымы бойынша үш топқа жатқызылады:

а) әмбебап жүк көтергіш машиналар – әр түрлі жүкті көтеруге және жылжытуға арналған;

б) белгілі бір технологиялық операцияларды жасауға арналған крандар;

в) машина жабдықтарын жылжытуға байланысты құрылыс, жинақтау және жөндеу жұмыстарды жүргізуге арналған крандар.

Жұмыс істеу жағдайлары бойынша крандар мына топтарға бөледі:

1) қысқа мерзімді режим, орташа ұзақтығы тәулігіне 16 сағатқа дейін жұмыс істейтін крандар;

2) қайталанатын қысқа мерзімді режимінде және орташа ұзақтығы тәулігіне 8-ден 24 сағатқа дейін жұмыс істейтін крандар;

3) қайта-қысқа мерзімді режимінде және орташа ұзақтығы тәулігіне 24 сағатқа дейін жұмыс істейтін, ғимараттардың ішінде және далада белгіленген технологиялық операцияларды жүргізуге арналған крандар;

4) қысқа мерзімді және қайталатанын қысқа мерзімді режимінде жұмыс істейтін, жалпы жылдық жұмыс уақыты 500 сағаттан аспайтын біржолғы және эпизодты жүк көтеру операцияларды жүргізуге арналған крандар.

Жүк көтергіш машиналардың көптеген жұмыс режимдерін жүйеге келтіру мақсатында олардың жұмыс режимдерін мынадай м санаттарға бөледі: жеңіл – Л, орташа – С, ауыр (немесе күрделі) – Т, өте ауыр – ВТ.

Соңғы уақытта бірқатар крандар электрлік жетектің жұмысының тым ауыр режимінде пайдалану үшін жобаланады, бір сағатта 600 рет және одан астам іске қосылуда ПВ=100%-ға дейін іске қосу ұзақтығымен ерекшеленеді аса ауыр санаты (ОТ).

Жүкті көтеру мен түсіру жылдамдығы кранның өнімділігін және қуаттын анықтайды. Сондықтан Оңтайлы жылдамдықты таңдау маңызды талап болып саналады. Көп жағдайда ол кранның технико-экономикалық көрсеткіштерін анықтайды

Жылдамдық белгілі бір мәннен асқанда кран механизмдерінің екпіні және тежелуі уақыттарының артуына байланысты оның өнімділігі төмендеуі орын алуы мүмкін.

Жүк көтеру операциясының толық цикліне мына негізгі операциялар кіреді: жүктібайлау мен ілу, арқанның (тросың) кемістіктерін байқау, жүкті көтеру мен оны қажетті орынға тасымалдау, жүкті түсіру және орнату, жүкті байлаудан босату, босаған ілмекті бастапқы орнына апару.

Крандардың жабдықтары қосылу ұзақтығының (ҚҰ) S3 режиміне байланысты таңдалынады. Қосылу ұзақтығына байланысты мынадай режимдердің түрлері:

Л – жеңіл, қосылу ұзақтығы 10-15%, негізгі жүктеме номиналдық жүктеменің 25% тең, құрылыс-монтаждық крандарға тән;

С – орташа, қосылу ұзақтығы ҚҰ= 15-25%, механикалық және жинау цехтарының крандарына тән;

Т – ауыр, қосылу ұзақтығы ҚҰ= 25-40%, кейбір құрылыс және қоймаларлардың крандарына тән;

ТП – өте ауыр, қосылу ұзақтығы ҚҰ= 40-60%, металлургия өндірісінің крандарына тән.

Мұнаралы крандар негізінен ғимараттардың, қоймалардың полигондардың құрылыс алаңдарында құрылыс-монтаждық және транспорттан жүк тиеу, түсіру жұмыстары орындауға арналған.

Жүкті көтеру жүктік лебедка, жүктік арқан және ілгіш құрылғы көмегімен орындалады. Кранның бұрылмалы бөлігі оның бұрылмайтын бөлігін бұру механизмінің көмегімен айнала қозғала алады. Олар тірек-бұру құрылғысымен байланысқан. Бұл құрылғы вертикал және төңкеру жүктемелерін бұрылмалы бөліктен бұрылмайтын бөлікке – қозғалу рамасына береді.


Мұнаралы кранның негізгі механизмдері шектегіштер деп аталатын арнаулы құрылғылармен жабдықталған. Мұндай құрылғылармен жүк көтеру механизмі, кранды бұру механизмі, жүктік арба және қанатты көтеру механизмі жабдықталған. Бұл механизмдерді мұнараның жоғарғы бөлігіне орналасқан басқару кабинасында отыратын краншы басқарады.

Кранның мұнарасын бұру тәсіліне байланысты төменнен бұрылатын және жоғарыдан бұрылатын крандар болып бөлінеді (1.1 сурет).

Төменнен бұрылатын кранның тірек-бұру құрылғысы төменде, яғни кранның төменгі тірегіне орналасады. Бұрылатын бөлікке жүктік және қанаттық лебедкалар мен бұру механизмы орналасқан бұрылмалы платформа жатады. Сонымен қатар, платформаға қарсы салмақ плиткалары, қанаты мен тарту арқаны бар мұнара орналасады. Бұрылмалы мұнарасы бар крандардың жүк көтергіштігі 10 т аспайды. Жүк көтергіштігінің және көтеру биіктігінің улкеюі кранның салмағының көбеюіне әкеледі, бұл төменнен бұрылатын крандардың тірек-бұру құрылғысын жасауды қиындатады.

Заманауи мұнаралық крандар 220/380 вольттық электр желісіне қосылатын электрқозғалтқыштармен жабдықталған.

Жоғарыдан бұрылатын крандарда мұнара орналасқан платформа бұрылмайды. Мұндай крандарда тірек-бұру құрылғысы мұнараның жоғарғы бөлігіне орналасады. Заманауи мұнаралық крандардың жүк көтергіштігі 10 т асады. Бұрылмайтын платформасы бар крандардың негізгі артықшылығы – оларды өзі көтерілетін және қозғалмалы әмбебап крандар жасауға болатындығы.



а) төменнен бұрылатын; б) жоғарыдан бұрылатын
1.1 сурет – Мұнаралы кран


Алдыңғы қатарлы шетелдік өндірушілер жасайтын заманауи крандардың барлығы жиіліктік реттелетін басқару жүйесімен жабдықталған.

Берілген тапсырмаға сәйкес мұнаралық кранның көтеру механизмінің электржетегін жобалау қажет. Көтеру механизмінің кинематикалық сұлбасы 1.2 суретте көрсетілген.

Көтеру механизмі қысқаша тұйықталған роторлы электрқозғалтқыш арқылы қозғалысқа түседі. Қозғалыс редуктор арқылы барабанды айналдырады.

Тарту күшін көбейту үшін полипаст қолданылады. Оның арқасында трос барабанға оның екі жағынан оралады. Сол арқылы барабанның тірегіне және көпірдің өнбойына жүк салмағын біркелкі таратады.

Жобаланатын кран КБ-403а элементтерінің массасы 8 т аспайтын ғимараттарды салған кезде құрылыстық және монтаждық жұмыстарды механикаландыру үшін кеңінен қолданылады.



1.2 сурет - Көтеру механизмінің кинематикалық сұлбасы

1.2 Көтеру механизмінің электржетегіне қойылатын талаптар

Жылдам қосылулар мен ажыратулар, удеу мен тежеу кезінде пайда болатын артық жүктемелер, жылжыту жылдамдығын өзгертулер орын алатын режим жағдайында жұмыс істейтін кранның электрлік жабдықтарына аса қатаң талап қойылады.

Электр жабдықтарға электрқозғалтқыштар, басқару аппаратурасы, қорғау құрылғы және кранның тежеу жүйесінің құрылғы кіреді.

Кранды қоректендіру троллейлік желі немесе кабельдік жүйе арқылы жүзеге асырылады.

Жүктік лебедка арба жүкті көтеру мен төмен түсіру қызметін атқарады.

Электржетегі жүйесін таңдаған кезде электржетекке қойылатын талаптардың жиынтығын есепке алу керек.

Негізгі талаптар:

- желісінің кернеуі номиналдық мәннің 90 % құрағанда жүкті қозғалтқыш төмен түсіріп алмайтындай жүргізу момент тудыра алуы керек.

- жүктің мөлшері $1,25M_n$ тең болғанда және кернеу $0,9 U_n$ болғанда электрлік тежеу жүйесі жүктің баяулауын сенімді қамтамасыз ету керек.

- ақау туған жағдайларда да жүктің қозғалуы тек басқарушы аппарат анықтаған бағытта ғана жүруі керек.
- жүктің сенімді тежелуін қамтамасыз ету.
- қуаттары 30 кВт артық қозғалтқыштарда рекуперативті тежеу қарастырылу керек жөн;
- электрлік жетек жүйесін таңдау әртүрлі салыстырмалы көрсеткіштерді талдау негізінде жүргізілу керек.
- механизмнің қажетті өнімділігі қамтамасыз етілуі керек;
- жұмыстық органның жылжуы белгіленген уақыт аралығында (1,2-12 м/мин) орындалуы керек;
- жұмыстық машинаның удеуі рұхсат етілген мәннен аспауы керек;
- тұрақталған режим кезіндегі жылдамдықтың ауытқуы белгіленген мәннен 0,5 м/мин;
- электржетек реверсті қамтамасыз ету керек.

Қондырғының қолдану мерзімі ішінде сенімді және тиімді жұмысын қамтамасыз етуге арналған талаптарға мыналар жатады:

- эквиваленттік токтың (моменттің) мөлшері рұхсат етілген мәннің 0,85...1 аралығында болуы керек;
- жиіліктік түрлендіргіш пен электрқозғалтқыш пайда болатын қысқы мерзімді артық жүктелуге шыдауы керек: 60 с бойы 150% I_n ;
- күрделі шығын мен энергия шығыны минимум болу үшін электржетектің үнемділігі өте жоғары болу керек.

Жоғарыда келтірілген талаптар электржетектің оптималды (қарапайым, арзан) жүйесін таңдауды жеңілдетеді.

Сонымен крандар үшін электр жетегі жүйесін таңдау кезінде жүк көтергіштігі, номиналдық бұрыштық айналу жылдамдығы, реттеудің диапазоны 4:1, 10:1 болуы керек, механикалық сипаттаманың қатаңдығы және бір сағат ішінде қосылу саны есепке алынуы керек.

Электр жетек реверсивті болу керек. Оқшаулағыш материалдарының қызуға төзімділігі F немесе H санатына сәйкес болуы тиіс. Жүгі бар ілмектің көтеруін үдеу $a_{max} = 0,3 \text{ м/с}^2$ -ден аспауы тиіс, ал көтеру жылдамдығы $V_{max} = 1,4 \text{ м/с}$ -тан аспауы тиіс.

1.3 Кранның электржетектерінің түрлері және басқару жүйелері

Жүк көтергіш крандарда электр жетектердің үш түрі пайдалануы мүмкін:

- қысқа тұйықталған роторлы асинхронды қозғалтқыштарды (МТКФ және МТКН сериялы) қолдануға негізделген, айналу жылдамдығы реттелмейтін электржетектер;

- фазалы роторлы асинхронды қозғалтқыштарды (МТФ және МТН сериялы) қолдануға негізделген, айналу жылдамдығы реостаттар арқылы реттелетін жетектер, реттеудің дәлдігі мен созылмалылығына (плавность) төменгі деңгейде болатын крандарда қолданылады;

- қысқа тұйықталған роторлы асинхронды қозғалтқыштарды қолдануға негізделген реттелетін жетектер, жылдамдықты реттеу жиіліктік түрлендіргіш арқылы аз шығынмен өте жоғары деңгейдегі дәлдікпен және созылмалылықпен жүзеге асырылады.

Қазіргі кезде жаңадан жасалған *жайлап жүргізіп жіберу құрылғылары* (ЖЖЖК) қолданған кезде жүргізіп жіберу тогын және бұрыштық үдеуді шектей отырып, созылмалы жүргізіп жіберу, орындаушы механизмдерді механикалық соққыдан қорғау, үдеу және тежеу уақытын реттеу қол жеткізіледі.

Қазіргі уақытты асинхрондық және синхрондық қозғалтқыштарға негізделген жиіліктік реттелетін электр жетектердің келешегі мол деп саналады.

Синхрондық қозғалтқыштарға негізделген жиіліктік реттелетін электр жетектер шығыстық кернеуі 6 және 10 кВ болатын жоғары вольтті жиіліктік түрлендіргіштер негізінде жасалады [3,5].

Реттелетін жетектер қолданылатын қозғалтқыштардың кернеуіне сәйкес кернеулері 0,4; 0,69; 1,19; 3,0 (3,3); 6,0 (6,3; 6,6); 10,0 (10,5) кВ болатын жиіліктік түрлендіргіштер негізінде құрастырылады.

Жылдамдылықты реттеу диапазоны 20:1 астам болатын реттемелі крандық электр жетектері үшін мынадай жүйелерін қолданылады:

- тиристорлық кернеу түрлендіруші бар жүйе (ТТ-Қ) жүйесі);
- тиристорлық кернеу реттеуші бар жүйе (ТКТ-АҚ жүйесі);
- жиіліктік түрлендіргіші бар жүйе (ЖТ-АҚ жүйесі);
- асинхронды қозғалтқышы және, түзетілген ток тізбегінде сырғанау энергиясын рекуперацияламайтын импульсты реттеуші бар жүйесі (АҚ-ИР жүйесі);
- асинхронды қозғалтқышы және, түзетілген ток тізбегінде сырғанау энергиясын желіге рекуперациялайтын импульсты реттеуші бар жүйесі (АҚ-ИР-И жүйесі).

Релелік-контакторлық басқару жүйесі.

Кең тараған автоматты басқару жүйесінің бір түрі релелік-контакторлық басқару жүйесі болып табылады. Мұндай негізде жасалған электржетектер жалпыөндірістік қондырғылардың қарапайым реттелмейтін электржетектері (мысалы, кранның, лифтілердің, конвейерлердің, компрессорлардың, желдеткіштердің, сорғыштардың, кейбір транспорттық құралғылардың) болып табылады. Бұл жүйелерде асинхрондық қозғалтқыштар, синхрондық қозғалтқыштар, тізбектей және аралас қоздырылатын тұрақты ток қозғалтқыштар қолданылады.

Тәуелсіз қоздырылатын қозғалтқыштар және басқалар (адымдық, венти́лдік, венти́лдік-индукторлық) тек басқарылатын түрлендіргіштерден қоректендірілетін реттелетін электржетектерде қолданады.

Жалпы жағдайда «релелік-контакторлық басқару жүйесі (РКБЖ)» деген ұғым арқылы релелік-контакторлық элементтік базаға негізделген және

қозғалтқыштардың жұмысын автоматтандыратын логикалық басқару жүйесін айтады.

РКБЖ қызметіне мынадай операцияларды автоматтандыру кіреді:

- қозғалтқыштарды іске қосу және жұмысын тоқтату;
- қозғалтқыштың айналу жылдамдығын және бағытын таңдау;
- қозғалтқышты іске қосу, реверс, тежеу;
- қандай да бір параметрге (жылдамдық, ток, жұмыстық органның орналасуы) байланысты қозғалтқышты басқару;
- қозғалысқа уақыттық үзілістің болуы;
- артық жүктелген жағдайда қозғалтқышты тоқтату;
- оператордың әрекетінің белгілеген ретін қамтамасыз ету.

РКБЖ артықшылығы:

- тізбектің арасында гальваникалық байланыстың болмауы;
- қомақты коммутациялық қуат;
- күштік және басқарушылық тізбектерді қоректендіру үшін бір қоректендіргішті пайдалану мүмкіндігі.

РКБЖ кемшілігі:

- контакттілік коммутация, бұл қызмет ету мерзімін қысқартады;
- әрекет ету жылдамдығының шектеулілігі;
- массаөлшемдік көрсеткіштерінің және энергия жұмсау мөлшерінің жоғары болуы.

РКБЖ құрамына күштік (негізгі) және басқарушы тізбектер кіреді.

Күштік тізбектерге қозғалтқыштар мен генераторлардың тізбектері кіреді.

Басқару тізбектеріне контакторлар мен релелердің орамалары, блок-контактілердің және тағы басқа аппараттардың тізбектері, белгі беру және қорғау тізбектері кіреді.

Жиіліктік басқару жүйесі.

Қысқа тұйықталған роторлы асинхродық қозғалтқыш қазіргі кезде ең кең тараған өндірістік қозғалтқыш болып саналады. Бұл қозғалтқыш ең арзан, сенімді және қарапайым қозғалтқыш болып саналады. Реттелетін асинхрондық электржетектердің арасында ең кең тараған және тиімді электржетек ретінде жиіліктік түрлендіргішті қолданатын, жиіліктік реттелетін электржетек саналады.

Көтеру-транспорттық қондырғысында жиіліктік реттелетін электржетектерді қолдану өндірістің тиімділігін арттырады. Мұндай электржетектерді қолдану:

- кранның энергия тұтынуын айтарлықтай (40% дейін) азайтады;
- жайлап үдеу мен жайлап тежеуді қамтамасыз етеді;
- жайлап қозғалу нәтижесінде механикалық қондырғының қызмет ету мерзімі ұзарады;
- қозғалтқышты ток бойынша артық жүктелуден, артық қызудан, қашқын токтардан, тізбектердегі үзілістерден қорғайды.


Кранның түрлендіргіштерін басқару үшін бағдарланатын контроллерді қолдану тиімді. Контроллер бағасы мен сапасы жағынан оңтайлы, жұмыс істеуі сенімді.

Контроллер краншының кабинасына орналастырылады. Ол пульттен және датчиктерден сигналдарды қабылдайды, электржетектерге басқару сигналдарын береді және таблоға ағымдық және апаттық ақпарат береді.

Басқару жүйесі мынаны қамтамасыз етеді:

- кранның энергия тұтынуын басқару және күштік тізбектің жағдайын қадағалау, қорғаудың іске қосылуы туралы ақпарат беру;
- қауіпсіздік датчиктерді үздіксіз қадағалау;
- жүк көтергіштікті шектеу;
- жиіліктік түрлендіргіштің жұмысы туралы деректерді тіркеу и және қадағалау;
- жиіліктік түрлендіргіштің жұмысын басқару;
- жүк көтеру жылдамдығын қадағалау.

Жиіліктік басқару жүйесінің электрлік функционалдық сұлбасы 1.3 суретте көрсетілген.



1.3 сурет - Жиіліктік басқарылатын электржетектің электрлік функционалдық сұлбасы

IGBT транзисторлары негізіндегі кернеу инверторларымен жабдықталған жоғарғы вольтті түрлендіргіштер көпфазалы кірістік трансформатормен, күштік блоктармен және басқарудың, қорғаудың және бақылаудың микроконтроллерлік жүйесінен тұрады.

Қазіргі кезде трансформатор қолданылмайтын жиіліктік түрлендіргіштер кең тарай бастады.

Крандардың тарту органының жылдамдығын реттеу үшін жиіліктік түрлендіргіштер таңдаған кезде мынадай ережелерге сүйену керек:

- қозғалтқыштың номинал кернеуі жиіліктік түрлендіргіштің номинал кернеуіне тең немесе кіші болуы тиіс;
- жиіліктік түрлендіргіштің номинал қуаты (тогы) қозғалтқыштың номинал қуатына (тогына) тең немесе үлкен (120%) болуы тиіс;
- бірнеше қозғалтқыштарды тек кернеу инверторы бар жиіліктік түрлендіргіштерге ғана параллель қосуға болады;
- ток инверторы бар жиіліктік түрлендіргішке бір ғана қозғалтқыш қосуға болады;
- газ және шаң бойынша қауіпті болатын шахталарда жарылыстан қорғалған жиіліктік түрлендіргіштер қолданған жөн.

Реттелетін жетекті кең түрде пайдалану энергияның шығынын 40% дейін азайтуға жағдай жасайды.

Тиристорлық түрлендіргішті басқару жүйесі.

Соңғы кезде электрқозғалтқыштарды тиристорлық басқару кеңінен қолданыла бастады. Мұндай электржетек жұмыс істеу сенімділігімен, басқару үшін қажет қуаттың үлкен еместігімен, реттеу мүмкіндігінің жоғары болуымен және массасының және өлшемдерінің кішілігімен ерекшеленеді.

Фазалы роторлы қозғалтқышты басқару күштік тиристорлардың көмегімен ротор тізбегіне активті немесе реактивті кедергілер қосу жүргізіледі. Кең диапазонда реттеу импульстік-кілттік реттеуді және динамикалық тежеуді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Тиристорлық басқару жүйесінде контактсыз коммутацияны (тиристорлық кілтті) қолдану релелік-контакторлық панельге қарағанда қомақты артықшылық қол жеткізеді, ал коммутациялық төзімділігі оны ауыр және өте ауыр жұмыс режимдерімен жұмыс жасайтын крандарда қолдануды өте тиімді етеді.

Тиристорлық басқару жүйесінің артықшылығы:

- қызмет көрсету сенімділігі өте жоғары;
- әрекет ету шапшаңдығы және электржетекті іске қосу жиілігі жоғары;
- өзі үшін энергия тұтыну мөлшері төмен;
- құрамында өндірістік контроллердің болуы әртүрлі крандарға бейімдеуді жеңілдетеді;
- кран механизмдерінің жайлап жүрісі өте жоғары сапа өтеді.

1.4 Көтеру механизмі үшін электржетек жүйесін таңдау

Осы тарауда кранның электржетектеріне қатысты талдау нәтижелері технологиялық циклдық механикалық жұмысты атқару кезінде электр энергиясын азырақ пайдалынатын, жұмыс істеу сенімділігі жоғары электр жетек жүйесі ең тиімді екендігін көрсетті.

Кранның жұмыс цикліне жүкті көтеру, оны қажетті қашықтыққа тасымалдау, жүкті түсіру және жүкті босату (ілу) үшін орын алатын іркіліс (үзіліс) этаптары болатындығын ескеріліп, стандартты қосылу ұзақтығы

ҚҰ=40% тең деп қабылданды. Біз қарастыратын жүк көтергіштігі 8 тонна мұнаралы кранның көтеру механизмінің электржетегі ретінде асинхрондық қозғалтқыш негізіндегі жиіліктік реттелетін электр жетегінің тиімді жүйесі ретінде қабылдауға болады.

Бұл жүйе электрлік жетектің басқа жүйелерімен салыстырғанда қашықтық телемеханикалық басқаруды жүзеге асыру үшін жақсырақ бейімделген.

2 Кранның көтеру механизмінің электржетегінің күштік элементтерін таңдау

2.1 Көтеру механизмінің жүктемесін есептеу және жетектің электрқозғалтқышын таңдау

2.1 кестеде мұнаралы кранның көтеру механизмінің электржетегін таңдау үшін қажет тапсырма бойынша берілген техникалық параметрлер көрсетілген.

2.1 кесте - Тапсырма бойынша берілген техникалық параметрлер

Аталуы	Белгіленуі	Мәні
Жүктің максимал массасы,т	$m_{ном}$	8
Жүкті көтерудің максимал биіктігі, м	H	54
Жүкті көтеру жылдамдығы,м/с	V	0,41
Ілгіш массасы,т	G_N	0,250
Механизмнің қорытынды инерциялық моменті,кг м ²	J_m	600
Жүктік лебедка Л-500 Редуктордың беріліс саны	j	23,6
Механизмнің суммалық ПӘК-і	η	0,90
Барабан диаметрі, м	$Dб$	0,4
Полиспаст еселігі	i	2

Жүк көтеру кездегі статикалық қуатты мына формула бойынша анықтаймыз:

$$P_{сгр}^{\uparrow} = \frac{g \cdot (m_{ном} + m_k) \cdot U_{ном}}{1000 \cdot \eta_{ном}} = \frac{9,81 \cdot (8000 + 250) \cdot 0.41}{1000 \cdot 0.9} = 36,68 \text{ кВт}, \quad (2.1)$$

мұндағы m_k – ілгіш салмағы;

$m_{\text{НОМ}}$ – кран көтеретін номиналды салмақ;

$v_{\text{НОМ}}$ – номиналды жылдамдық (жүк көтергенде немесе түсіргенде);

$\eta_{\text{ПЭК}}$ – номиналды ПЭК (кинематикалық сұлба үшін);

g - ауырлық күшінің үдеуі.

Жүкті төмендету кездегі статикалықты мына формула бойынша анықтаймыз:

$$P_{\text{сгр}}^{\downarrow} = \frac{g \cdot (m_H + m_k) \cdot v_{\text{НОМ}}}{1000 \cdot \eta_{\text{НОМ}}} \cdot \left(2 - \frac{1}{\eta_{\text{НОМ}}}\right) =$$
$$= \frac{9.81 \cdot (8000 + 2500) \cdot 0.41}{1000 \cdot 0.9} \cdot \left(2 - \frac{1}{0.9}\right) = 32.6 \text{ кВт.} \quad (2.2)$$

Ілгішті көтерген кездегі статистикалықты мына формула бойынша анықтаймыз:

$$P_{\text{СК}}^{\uparrow} = \frac{g \cdot m \cdot 2v_{\text{НОМ}}}{\eta_n} = \frac{9.81 \cdot 250 \cdot 0.82}{0.145} = 6739,02 \text{ Вт,} \quad (2.3)$$

мұндағы η_n – беріліс ПЭК-і, оны мына формула бойынша есептейміз:

$$\eta_n = \frac{1}{\frac{1}{\eta_{\text{НОМ}}} + \frac{a}{k_3} - a} = \frac{1}{\frac{1}{0.9} + \frac{0.07}{0.03} - 0.07} = 0.296, \quad (2.4)$$

мұндағы $a = 0,07$ - коэффициент;

k_3 – жүктелу коэффициенті, оны мына формула бойынша анықтаймыз:

$$k_3 = \frac{m_k}{m_{\text{НОМ}} + m_k} = \frac{250}{8000 + 250} = 0.03. \quad (2.5)$$

Ілгішті түсіргендегі статикалық қуатты мына формула бойынша анықтаймыз:

$$P_{\text{СК}}^{\downarrow} = P_{\text{СК}}^{\uparrow} \cdot (2\eta_n - 1) = 6739,02 \cdot (2 \cdot 0.296 - 1) = -2722,0 \text{ Вт} \quad (2.6)$$

Технологиялық үрдістің орындалу уақытын мына формула бойынша анықтаймыз:

$$t_{\text{к.гр}} = \frac{H}{U_{\text{НОМ}}} = \frac{54}{0.41} = 131,7 \text{ с.} \quad (2.7)$$

$$t_{к.кр} = \frac{H}{2 \cdot U_{НОМ}} = \frac{54}{2 \cdot 0.41} = 65.85 \text{ с}, t_p = 2 \cdot 131.7 + 2 \cdot 65.85 = 395,1 \text{ с}. \quad (2.8)$$

Цикл уақытын есептейміз:

$$ПВ = \frac{t_p}{t_{ц}} \cdot 100\% = 40\% . \quad (2.9)$$

$$t_{ц} = \frac{t_p}{ПВ} = \frac{395,1}{0,4} = 987,76 \text{ с}. \quad (2.10)$$

$t_{ц} = 8,33 \text{ мин} < 10 \text{ мин}$ жұмыс режимі қысқа уақытты –қайталанбалы жұмыс режиміне жатады.


Үзлістің толық уақыты мына формула бойынша анықтаймыз:

$$\Sigma t_0 = t_{ц} - t_p = 987,76 - 395,1 = 592,66 \text{ с} \quad (2.11)$$

$$\Sigma t_0 = t_{01} + t_{02} + t_{03} + t_{04} \quad (2.12)$$

Уақыттарды бір біріне тең етіп қабылданаымыз: $t_{01} = t_{03} = 148,2 \text{ с}$, $t_{02} = t_{04} = 148,2 \text{ с}$.

Анықталған есептеу нәтижелерін ескере отырып, көтеру механизмінің жылдамдықтық және жүктемелік диаграммалар тұрғызамыз (2.1 сурет).



2.1 сурет - Көтеру механизмінің жылдамдықтық және жүктемелік диаграммалары

Қозғалтқышты таңдау үшін жұмыс кезеңіндегі статикалық баламалы қуатты мына формула бойынша есептейміз:

$$P_{c9} = \sqrt{\frac{(P_{ck}^{\uparrow 2} + P_{ck}^{\downarrow 2}) \cdot t_k + (P_{gp}^{\uparrow 2} + P_{gp}^{\downarrow 2}) \cdot t_{gp}}{2t_k + 2t_{gp}}} = \quad (2.13)$$

$$= \sqrt{\frac{(6739,02^2 + (-2722)^2) \cdot 65,85 + (36680^2 + 32600^2) \cdot 131,7}{395}} =$$

$$= 28447,6 \text{ кВт.}$$

Алынған қуатты ҚҰ=100% режимі мына формула бойынша есептейміз:

$$P_{c9}(K\Upsilon = 100\%) = P_{c9}(K\Upsilon = 40\%) \cdot \sqrt{\frac{40}{100}} =$$

$$= 28447,6 \cdot 0,63 = 17922,0 \text{ Вт.} \quad (2.14)$$

Қозғалтқыштың номиналды жылдамдығын және типін анықтай үшін есептік қуат пен жылдамдықты анықтаймыз:

$$P_{ec} = P_{c9} \cdot K_{зап} = 17922 \cdot 1,1 = 19714,2 \text{ Вт,} \quad (2.15)$$

мұндағы $K_{зап} = 1,1$ – қор коэффициенті.

Есептеу арқылы $n_{ном}$ табамыз:

$$j_{ред} = \frac{\pi \cdot D \cdot n_{ном}}{v_{ном} \cdot 60 \cdot i} \quad (2.16)$$

$$n_{ном} = \frac{j_{ред} \cdot v_{ном} \cdot 60i}{\pi D} = \frac{23,5 \cdot 0,41 \cdot 60 \cdot 2}{3,14 \cdot 0,4} = 924,5 \text{ айн/мин.} \quad (2.17)$$

Қозғалтқыш таңдау шарты бойынша таңдалатын қозғалтқыштың номинал қуаты есептік қуатқа тең немесе үлкен болуы керек: $P_n \geq P_{ec}$. Есептеу нәтижесі бойынша 4АН180М6У3 (МТКФ(Н)200L6) типті, қуаты 22 кВт болатын асинхронды қозғалтқышты таңдаймыз.

2.2 кестеде бұл қозғалтқыштың техникалық сипаттамасы келтірілген.

2.2 Электрқозғалтқыштың және оның орынбасу сұлбасының есептік параметрлерін анықтау

Таңдалған қозғалтқыштың синхронды айналу жылдамдығы $n_0 = 1000$ айн/мин.

2.2 кесте -4АН280М10У3 типті қозғалтқыштың техникалық сипаттамасы

Аты	4АН180М6У3
Номиналды қуат P_n , кВт	22
Синхрондық айналу жиілігі n_0 , об/мин	1000
ПӘК $\eta_{ном}$, %	83,5
Қуат коэффициенті $\cos \varphi_{ном}$	0,87
Кернеуі, В	380/220
Максималды моменті еселігі, Нм	2,2
Іске қосу моменті еселігі	1,2
Қозғалтқышының инерциялық моменті $J_{дв}$, кг · м ²	0,24
Жүргізу тогының номинал токқа қатынасы	6
Шектік сырғанауы s_k , %	13,5
Номиналды сырғанау s_n , %	2,4

Электрқозғалтқыштың номиналды айналу жылдамдығын мына формула бойынша есептейміз:

$$n_{ном} = n_0(1 - s_{ном}) = 1000(1 - 0,024) = 976 \text{ айн/мин.} \quad (2.18)$$

Электрқозғалтқыштың номиналды бұрыштық айналу жиілігін мына формула бойынша есептейміз:

$$\omega_n = \frac{2 \cdot \pi \cdot n_n}{60} = \frac{2 \cdot 3,14 \cdot 976}{60} = 102,15 \text{ рад/с.}$$

Электрқозғалтқыштың білігіндегі номиналдық моментті мына формула бойынша есептейміз:

$$M_n = \frac{P}{\omega_n} = \frac{22000}{102,15} = 215,37 \text{ Нм.} \quad (2.19)$$

Электрқозғалтқыштың электромагниттік номиналдық моментін мына формула бойынша есептейміз анықтаймыз:

$$M_{н.эм} = \frac{3 \cdot U_{\phi H}^2 \cdot R'_2 / S}{\omega_0 [(R_1 + R'_2 / S)^2 + X_K^2]} = \frac{3 \cdot 220^2 \cdot 0,1247 / 0,024}{104,7 [(0,158 + 0,1247 / 0,024)^2 + (0,5275 + 0,6233)^2]} = 240,3 \text{ Нм.}$$

Электрқозғалтқыштың шектік моментінің мәнін мына формула бойынша есептейміз есептейміз:

$$M_K = m_K \cdot M_{H.ЭМ} = 2,2 \cdot 240,3 = 528,7 \text{ Н} \cdot \text{м}. \quad (2.20)$$

Электрқозғалтқыштың бос жүріс моментінің мәнін мына формула бойынша есептейміз:

$$M_{бж} = M_{H.ЭМ} - M_H = 240,3 - 215,37 = 24,93 \text{ Н} \cdot \text{м}.$$

Электрқозғалтқыштың статорының номиналдық фазалық кернеуін мына формула бойынша есептейміз:

$$U_{1\phi} = \frac{U_L}{\sqrt{3}} = \frac{380}{\sqrt{3}} = 220 \text{ В}. \quad (2.21)$$

Электрқозғалтқыштың статорының фазалық тоғы мына формула бойынша есептейміз:

$$I_{1n} = \frac{P}{3 \cdot U_{1n} \cdot \cos \varphi \cdot \eta_n} = \frac{22000}{3 \cdot 220 \cdot 0,87 \cdot 0,835} = 45,88 \text{ А}. \quad (2.22)$$

Электрқозғалтқыштың жүргізіп жіберу тоғын есептейміз:

$$I_n = k_i \cdot I_{1n} = 6,0 \cdot 113,68 = 275,31 \text{ А}. \quad (2.23)$$

Электрқозғалтқыштың Г-тәріздес орынбасу сұлбасы 2.2-суретте көрсетілген. Оның параметрлері (салыстырмалы бірлікте) каталогта келтірілген:

$X_\mu^* = 3,1$ – магниттеуші контурдың негізгі индуктивті кедергісі;

$R_1^* = 0,033$ - стартор орамасының активті кедергісі;

$X_1^* = 0,11$ - стартор орамасының индуктивті кедергісі;

$R_2^* = 0,026$ - статор орамасына келтірілген ротор орамасының активті кедергісі;


$X_2^* = 0,13$ - ротор орамасының келтірілген индуктивті кедергісі;

Орынбасу сұлбасы қысқаша тұйықталған роторлы асинхронды қозғалтқыштың математикалық моделіне сәйкес құрастырылады.

Асинхронды қозғалтқыштың фазалық кедергісін мына формула бойынша есептейміз:

$$Z_\phi = \frac{U_{\phi n}}{I_{1n}} = \frac{220}{45,88} = 4,795 \text{ Ом}, \quad (2.24)$$

мұндағы I_{1n} - статордың номиналды фазалық тоғы, А.



2.2 сурет – Асинхронды қозғалтқыштың Г-тәріздес орынбасу сұлбасы

Г-тәріздес орынбасу сұлбасы параметрлерінің абсолюттік мәндерін мына формулалар бойынша есептейміз:

$$R_1 = R_1^* \cdot Z_\phi = 0,033 \cdot 4,795 = 0,158 \text{ Ом},$$

$$X_1 = X_1^* \cdot Z_\phi = 0,11 \cdot 4,795 = 0,5275 \text{ Ом},$$

$$X_\mu = X_\mu^* \cdot Z_\phi = 3,1 \cdot 4,795 = 14,86 \text{ Ом},$$

$$R_2' = R_2^* \cdot Z_\phi = 0,026 \cdot 4,795 = 0,1247 \text{ Ом},$$

$$X_2' = X_2^* \cdot Z_\phi = 0,13 \cdot 4,795 = 0,6233 \text{ Ом}.$$

Қысқаша тұйықталудың индуктивті кедергісін мына формула бойынша есептейміз:

$$X_k = X_1 + X_2' = 0,5275 + 0,6233 = 1,151 \text{ Ом}.$$

2.3 Электржетегінің жүктемелік диаграммасын тұрғызу

Жүктемелік диаграмманы тұрғызу қозғалтқыштың артық жүктелу қабілетін және қызуға төзімділігін алдын-ала тексеру үшін керек болады.

Көтеру механизмінің электр жетегінің ілгішті көтеру кезінде және жүкті көтеру кезінде толық инерциялық моменттерін (J_2), (J_1) анықтау үшін оның сызықтық үдеуін $a=0,4 \text{ м/с}^2$ тең деп аламыз.

Номиналдық жылдамдықты мына формула бойынша есептейміз:

$$\omega = \frac{\pi \cdot n_{\text{НОМ}}}{30} = 102,15 \text{ рад/сек.} \quad (2.25)$$

Келтіру радиусын мына формула бойынша есептейміз:

$$\rho = \frac{\vartheta_{\text{НОМ}}}{\omega_{\text{НОМ}}} = \frac{0,41}{102,15} = 0,004 \text{ м/рад.} \quad (2.26)$$

Рұқсат етілген бұрыштық үдеуді (ақырындау) мына формула бойынша есептейміз:

$$\varepsilon_{\text{доп}} = \frac{a_{\text{доп}}}{\rho} = \frac{0.4}{0,004} = 100 \text{ рад/сек.} \quad (2.27)$$

Барабанның инерциялық моментін $J_6 = 500 \text{ кг м}^2$ тең етіп аламыз.

Жүк көтеру кезіндегі инерция моменті мына формула бойынша есептейміз:

$$J_1 = \delta \cdot J_d + \frac{J_6}{J_{\text{рвд}}^2} + (m_{\text{гр}} + m_k) \cdot p^2 = 1.2 \cdot 0,24 + \frac{500}{23,5^2} + (8000 + 250) \cdot (4,0 \cdot 10^{-3})^2 = 1.33 \text{ кг} \cdot \text{м}^2, \quad (2.28)$$

мұндағы $\delta = 1,2$ – жететін айналмалы бөліктерінің инерциялық моментін есепке алатын коэффициент.

Электржетегінің ілгішті көтеру кезіндегі инерциялық моментін мына формула бойынша есептейміз:

$$J_2 = J_1 = \delta \cdot J_d + \frac{J_6}{J_{\text{рвд}}^2} + m_k \cdot p^2 = 1.2 \cdot 0,24 + \frac{500}{23,5^2} + 250 \cdot (4,0 \cdot 10^{-3})^2 = 1.2 \text{ кг} \cdot \text{м}^2. \quad (2.29)$$

Ілгішті көтеру және түсіру кезіндегі удеу уақытын мына формула бойынша есептейміз:

$$t_{m.k}^{\uparrow} = t_{m.k}^{\downarrow} = \frac{2 \cdot \vartheta_{\text{ном}}}{a_{\text{доп}}} = \frac{2 \cdot 0.41}{0,4} = 2,05 \text{ с.} \quad (2.30)$$

$$t_{m.гр}^{\uparrow} = t_{m.гр}^{\downarrow} = \frac{\vartheta_{\text{ном}}}{a_{\text{доп}}} = \frac{0.41}{0,4} = 1,03 \text{ с.} \quad (2.31)$$

Жылдамдық сызықтық заң бойынша өзгереді деп қабылдаймыз да, электр жетегінің динамикалық моментін $M_{\text{дин}}$ мына формула бойынша есептейміз:

$$M_{\text{дин}} = J \frac{dw}{dt} = J \varepsilon_{\text{лб}}. \quad (2.32)$$

Электржетектің динамикалық моментін $M_{\text{дин}}$ анықтаймыз:

$$\begin{aligned} M_{\text{дин1}} &= J_1 \cdot \varepsilon_{\text{доп}} = 1,33 \cdot 100 = 133 \text{ Н} \cdot \text{м}, \\ M_{\text{дин2}} &= J_2 \cdot \varepsilon_{\text{доп}} = 1,2 \cdot 100 = 120 \text{ Н} \cdot \text{м}. \end{aligned} \quad (2.33)$$

Жүктеме диаграммасының әрбір интервалы үшін қозғалтыштың моментін мына формула бойынша есептейміз:

$$M = M_c + M_{\text{дин}} = M_c + J \varepsilon_{\text{л}}'' \quad (2.34)$$

Циклдің барлық этаптары үшін статистикалық моменттерді мына формула бойынша есептейміз:

$$M_{\text{с.к}}^{\uparrow} = \frac{P_{\text{с.к}}^{\uparrow}}{2 \cdot \omega_{\text{НОМ}}} = \frac{6739,0}{2 \cdot 102,15} = 33,0 \text{ Н} \cdot \text{м}, \quad (2.35)$$

$$M_{\text{с.к}}^{\downarrow} = \frac{P_{\text{с.к}}^{\downarrow}}{2 \cdot \omega_{\text{НОМ}}} = \frac{-2722,0}{2 \cdot 102,15} = -13,32 \text{ Н} \cdot \text{м},$$

$$M_{\text{с.гр}}^{\uparrow} = \frac{P_{\text{с.гр}}^{\uparrow}}{\omega_{\text{НОМ}}} = \frac{36680}{102,15} = 359,1 \text{ Н} \cdot \text{м},$$

$$M_{\text{с.гр}}^{\downarrow} = \frac{P_{\text{с.гр}}^{\downarrow}}{\omega_{\text{НОМ}}} = \frac{32600}{102,15} = 319,1 \text{ Н} \cdot \text{м}.$$

Ілгішің екпіндеуі және түсіру кезіндегі электромагниттік моментті мына формула бойынша есептейміз:

$$M_1 = M_{\text{с.к}}^{\downarrow} - M_{\text{дин}2} = -13,32 - 120 = -133,32 \text{ Н} \cdot \text{м}, \quad (2.36)$$

$$t_1 = t_{m.k} = 2,06 \text{ с}.$$

Ілгішті тұрақты жылдамдықпен түсіру кезіндегі электромагниттік моментті анықтаймыз:

$$M_2 = M_{\text{с.к}}^{\downarrow} = -13,32 \text{ Н}, \quad (2.37)$$

$$t_2 = t_{m.k}^{\uparrow} - 2 \cdot t_1 = 65,85 - 2 \cdot 2,06 = 61,73 \text{ с}.$$

Ілгішті тежеу және түсіру кезіндегі электромагниттік моментті мына формула бойынша есептейміз:

$$M_3 = M_{\text{с.к}}^{\downarrow} + M_{\text{дин}2} = -13,32 + 120 = 106,68 \text{ Н} \cdot \text{м}. \quad (2.38)$$

$$t_1 = t_{m.k} = 2,06 \text{ с}.$$

Жүктің екпіндеуі және көтерілуі кезіндегі электромагниттік моментті мына формула бойынша есептейміз:

$$M_4 = M_{\text{с.гр}}^{\uparrow} + M_{\text{дин}1} = 359,1 + 133 = 492,1 \text{ Н} \cdot \text{м}. \quad (2.39)$$

$$t_4 = t_{m.гр}^{\uparrow} = 1,03 \text{ с}.$$

Жүктің тұрақты жылдамдықпен көтерілуі кезіндегі электромагниттік моментті мына формула бойынша есептейміз:

$$M_5 = M_{c.гp}^{\uparrow} = 359,1 \text{ Н} \cdot \text{м}. \quad (2.40)$$

$$t_5 = t_{гp}^{\uparrow} - 2 \cdot t_4 = 131,7 - 2 \cdot 1,03 = 129,64 \text{ с}.$$

Жүкті көтерілу және тежеу кезіндегі электромагниттік моментті мына формула бойынша есептейміз:

$$M_6 = M_{c.гp}^{\uparrow} - M_{дин1} = 359,1 - 133 = 226,1 \text{ Н} \cdot \text{м}. \quad (2.41)$$

$$t_6 = t_{m.гp}^{\uparrow} = 1,03 \text{ с}.$$

Жүкті түсіру жағдайында екпіндеу кезіндегі электромагниттік моментті мына формула бойынша есептейміз:

$$M_7 = M_{c.гp}^{\downarrow} - M_{дин1} = 319,1 - 133 = 186,1 \text{ Н} \cdot \text{м}. \quad (2.42)$$

$$t_7 = t_{m.гp}^{\uparrow} = 1,03 \text{ с}.$$

Жүкті тұрақты жылдамдықпен түсіру кезіндегі электромагниттік моментті мына формула бойынша есептейміз:

$$M_8 = M_{c.гp}^{\downarrow} = 319,1 \text{ Н} \cdot \text{м}. \quad (2.43)$$

$$t_8 = t_5 = 129,64 \text{ с}.$$

Жүкті түсіру жағдайында тежеу кезіндегі электромагниттік моментті мына формула бойынша есептейміз:

$$M_9 = M_{c.гp}^{\downarrow} + M_{дин1} = 319,1 + 133 = 452,1 \text{ Н} \cdot \text{м}. \quad (2.44)$$

$$t_9 = t_{m.гp}^{\uparrow} = 1,03 \text{ с}.$$

Ілгішті көтеру үшін екпінді кезіндегі электромагниттік моментті мына формула бойынша есептейміз:

$$M_{10} = M_{c.k}^{\uparrow} + M_{дин2} = 33,0 + 120 = 153,0 \text{ Н} \cdot \text{м}. \quad (2.45)$$

$$t_{10} = t_{m.k} = 2,06 \text{ с}.$$

Ілгішті тұрақты жылдамдықпен көтеру кезіндегі электромагниттік моментті мына формула бойынша есептейміз:

$$M_{11} = M_{c.k}^{\uparrow} = 33 \text{ Н} \cdot \text{м}. \quad (2.46)$$

$$t_{11} = t_2 = 61,73 \text{ с}.$$

Ілгішті көтеру мен тежеу кезіндегі электромагниттік моментті мына формула бойынша есептейміз:

$$M_{12} = M_{c.k}^{\uparrow} - M_{дин2} = 33,0 - 120 = -87,0 \text{ Н} \cdot \text{м}. \quad (2.47)$$

$$t_{12} = t_{m.k} = 2,06 \text{ с.}$$

Алынған есептеу нәтижелері бойынша электржетегінің жүктемелік диаграммасын тұрғызамыз (2.3 сурет).

2.4 Көтеру механизмінің электрқозғалтқышын қызуға және артық жүктелуге алдын-ала тексеру

Жүктемелік диаграмманы электрқозғалтқышты қызуға және артық жүктелу қабілетін тексеруге пайдаланады. Электр жетегі мәні айнымалы жүкпен циклдік режимде жұмыс жасайтындықтан қозғалтқышты қызуға тексеру үшін балама момент тәсілін қолдану керек. Қозғалтқыштың қызуына байланысты дұрыс таңдалуы төмендегідей шартқа сәйкес келуі керек: $M_3 \leq M_{ном}$.

Қысқа уақытты-қайталамалы режим кезінде жұмыс уақытындағы баламалы момент тек жұмыс кезеңдері үшін есептеліну керек:

$$M_3 = \sqrt{\frac{\sum_{i=1}^n t_{p,i} \cdot M_{p,i}^2}{\alpha_0 \cdot \sum_{i=1}^m t_{n,m,i} + \sum_{i=1}^N t_{y,i}}}, \quad (2.48)$$

мұнда $M_{p,i}$ - i -інші интервалдағы момент;

$t_{p,i}$ - i -інші интервалдағы жұмыс істеу ұзақтығы;

n - циклегі жұмыстық интервалдар саны;

m - көтеру және тежеу интервалдар саны;

N - тұрақталған қозғалысты интервалдар саны;


t_i - i -інші интервалдағы іске қосылуы(тежеу) ұзақтығы;

α_0 - іске қосу (тежеу) кезінде салқындаудың нашарлауын есепке алатын коэффициент;

$t_{y,i}$ - i -інші интервалдағы тұрақты қозғалыстың ұзақтығы.

$$\alpha_0 = \frac{1+\beta_0}{2} = \frac{1+0,4}{2} = 0,7, \quad (2.49)$$

мұнда β_0 – электрқозғалтқышты электр желісінен ажыратқан кезде оның салқындауының нашарлауын есепке алатын коэффициент коэффициент.



2.3 сурет – Электржетегінің жүктемелік диаграммасы

$$M_3 = \sqrt{\frac{1,03 \cdot (492,1^2 + 226,1^2 + 452,1^2 + 186,1^2) + 129,64 \cdot (359,1^2 + 319,1^2) + 0,7 \cdot 2 \cdot (1,03 + 2,06) + 2 \cdot (129,64 + 61,73) + 2,06 \cdot ((-133,32)^2 + 106,68^2 + 153^2 + (-87^2))}{1}} = 280,64 \text{ Н} \cdot \text{м}.$$

Сонымен балама моменттің мәні мынаған тең болады: $M_3 = 280,64 \text{ Н} \cdot \text{м}$.

Бұл баламалы момент ҚҰ=10% болған кезде табылғандықтан оны ҚҰ=100% болған жағдайға қайта есептеуге тура келеді:

$$M_3 = (ҚҰПВ = 100\%) = M_3(ҚҰ = 40\%) \cdot \sqrt{\frac{40}{100}} = 280,64 \cdot 0,63 = 176,8 \text{ Н} \cdot \text{м}.$$

Қозғалтқыштың номиналды моменті:

$$M_{\text{НОМ}} = \frac{P_{\text{НОМ}}}{\omega_{\text{НОМ}}} = \frac{22000}{102,15} = 215,4 \text{ Н} \cdot \text{м}. \quad (2.50)$$

Шарт бойынша $M_3 \leq M_{ном}$ болу керек еді, ал есеп бойынша нақты жағдайда $176,8 \leq 215,4$, демек электрқозғалтқыш қызу шарттарын толық қанағаттандырады.

Жүктеме диаграммасы бойынша максимал момент 492,1 Нм тең екендігін көреміз. Электрқозғалтқыштың артық жүктелу қабілетін тексеруіміз керек:

$$\frac{M_{max}}{M_{ном}} = \frac{492,1}{215,4} = 2.2 = m_k = 2,2. \quad (2.51)$$

Есептеу нәтижесі электрқозғалтқыштың артық жүктелу қабілеті қойылатын талапты толық қанағаттандыратындығын көрсетеді.

3 Автоматтандырылған электр жетегінің жиіліктік түрлендіргішін таңдау және оның негізгі элементтерін есептеу

3.1 Комплектілік жиіліктік түрлендіргіштің типін таңдауды негіздеу

Комплектілік түрлендіргіш ретінде скалярлық немесе векторлық басқарылатын жиіліктің түрлендіргішті қолдануға болады. Біздің жобамызда түрлендіргіш шағын реттеу диапазонын қамтамасыз етуі жеткілікті болғандықтан скалярлық басқарылатын жиіліктік түрлендіргішті қолданған жөн.

Түрлендіргіштің күштік бөлігінің құрамына келесі элементтер кіреді: түзеткіш, инвертор, сүзгіш, тежеу резисторы, қорғау құрылғылары.

Кернеудің амплитуда және жиілігі инверторда реттелетіндіктен түзеткіш диодтар көмегімен жасалуы мүмкін, ал басқарылмайтын түзеткіште тежеуіштік резистор болуы керек.

Жиіліктік түрлендіргішті қозғалтқыштың тоғына және қуатына байланысты таңдаймыз.

Біздің талаптарымызды қанағаттандыратын көп түрлендіргіштер бар, олардың ішінде Hitachi, Siemens, ABB фирмаларының түрлендіргіштері де бар. Олардың арасында принципалды айырмашылық жоқ, өзгешеліктері тек бағасында.

Кран электр жетегі үшін Schneider Electric фирмасының ATV71HD30N4 типті комплектілік түрлендіргішін таңдаймыз. Ол көтеру-тасымалдау механизмдердің электржетектеріне арналған. Оның техникалық сипаттамалары:


- номиналды қуаты, 30 кВт;
- түрлендіргіштің шығысындағы номиналды тоғы, 66 А;
- қысқа уақыттық артық жүктелу тоғы, 99 А, 60 с бойы;
- үш фазалы кернеуі 380 В, 50 Гц;
- түрлендіргіштің салмағы, 37 кг;
- $f_k=1$ кГц.

3.2 Жиіліктік түрлендіргіш тізбегінің параметрлерін есептеу және элементтерін таңдау

Таңдалынған жиіліктік түрлендіргіш мынадай негізгі элементтерден тұрады:

- құрамында диодтары бар түзеткіш;
- инвертор, бұл құрылғыда кілттер ретінде IGBT транзистор тобы мен қайтымды диодтар қолданылады, шығыстық жиілікті реттеу инвертор кілтін ауыстырып-қосу жиілігін өзгерту арқылы, ал шығыстық кернеуді реттеу кең импульсты модуляция арқылы жүзеге асырылады;
- резистивтік жиіліктік тежеуді жүзеге асырылатын тежеу блогі;
- LC - сүзгіш (фильтр)- кернеудің сүзуді жүзеге асырады;
- анодтық реакторлар - коммутациялық кедергінің және қысқа тұйықталу тогын өсуін шектеу үшін пайдаланылады.
- асқын кернеуден қорғау тізбегі;
- тоқты шектеу кедергісі.

3.1 - суретте электр жетегінің күштік тізбегінің принципіалды сұлбасы көрсетілген.



3.1 сурет - Электр жетегінің күштік тізбегінің принципіалды сұлбасы

Түрлендіргіш құрамында мынадай күштік элементтер кіреді:

L_1, L_3 - тоқты шектеу реакторлары;

R_T - тежеу кедергісі;

C – түзеткіш сыйымдылығы;

VT_1, VT_6 – инвертордың күштік блогының транзисторлары;

R_{TC} - тоқты шектеуші кедергілер;

VD_1, VD_6 - түзеткіш диодтар;

VD_7, VD_{12} – инвертордың кері диодтары;

$ДТ$ - ток датчигі;

$ЦЗП$ - асқын кернеуден қорғау тізбегі;

$L_{др}$ - тегістеуші дроссель.

Күштік кілттер ретінде құрамына биполярлы транзисторлар мен кері диодтар кіретін IGBT модульдерін қолдану ұсынылады.

Есеп бойынша статордың номиналды фазалық тогы:

$$I_{НОМ} = 45,88 \text{ А.} \quad (3.1)$$

Күштік кілт арқылы жүретін орташа тогы:

$$I_{н. ор.} \geq k_3 \cdot I_{max}, \quad (3.2)$$

мұнда k_3 - қор коэффициенті, кілттің коммутациясы кезінде токтың шамадан тыс артуын есепке алады, $k_3 = 2$ деп қабылдаймыз;

I_{max} —инвертордың күштік тізбегінің иініндегі токтың амплитудалық мәні:

$$I_{max} = \sqrt{2} \cdot I_{НОМ} = \sqrt{2} \cdot 45,88 = 64,88 \text{ А,} \quad (3.3)$$

мұндағы $I_{НОМ}$ —қозғалтқыштың номиналды тогы, А.

$$I_{н.ср} \geq 2 \cdot 64,88 = 129,77 \text{ А.} \quad (3.4)$$

Күштік кілттегі жұмыстық кернеу:

$$U_{раб.} \geq U_{max} + \Delta U_{п. н.}, \quad (3.5)$$

мұндағы U_{max} - ивертордың күштік тізбегіндегі кернеудің амплитудалық мәні;

$\Delta U_{п. н.}$ – кілттегі коммутациялық асқын кернеу, В.

$$U_{max} = \sqrt{2} \cdot U_{л} = \sqrt{2} \cdot 380 = 537,4 \text{ В,} \quad (3.6)$$

мұндағы $U_{л} = 380 \text{ В}$ – желілік кернеу.

Нұсқауларға сәйкес асқын кернеудің мәнін қабылдаймыз: $U_{а.к} = 600 \text{ В}$.

Онда (3.5) өрнегі мына түрге енеді:

$$U_{жұм.} \geq 537,4 + 600 = 1137,4 \text{ В.} \quad (3.7)$$

(3.4) және (3.6) формулалар бойынша жүргізілген есептеу нәтижелері каталогтан[2] бойынша кері диодтары бар, жарты көпірлік түрдегі IRGPH50KD2 типті күштік модульдер таңдалады.

Вентилге берілетін максимал руқсат етілген кернеу қайталама импульсты кернеудің руқсат етілген мәнінен аспауы керек:

$$k_{зи} \cdot k_c \cdot U_{обр.т} \leq U_{DRM}, \quad (3.8)$$

мұндағы $k_{зи}$ - кернеу бойынша қор коэффициенті, $k_{зи} = 1,3 \dots 1,5$;
 k_c - желідегі кернеудің ықтимал көтерілуін есепке алу коэффициенті, $k_c = 1,1$;
 $U_{обр.т}$ - вентилдегі максимал кері кернеу.

$$U_{обр.т} = \sqrt{6} \cdot U_{\phi} = \sqrt{6} \cdot 220 = 538,88 \text{ В}. \quad (3.9)$$

(3.8) өрнегі бойынша

$$1,4 \cdot 1,1 \cdot 538,88 = 829,87 \leq 1200.$$

Күштік сүзгіштің конденсаторының толық сыйымдылығын мына формула бойынша анықтаймыз:

$$C = \frac{U_d \cdot T_H}{3R_H \Delta U_c}, \quad (3.10)$$

мұнда U_d – түзетілген кернеуінің орташа мәні, В;
 $T_H = 0,001$ - жүктің уақыт тұрақтысы;
 R_H - жүктеменің активті кедергісі;
 ΔU_c – конденсатордың кернеуінің рұқсат етілген өсуі, В.
Түзетілген кернеудің орташа мәнін есептейміз:

$$U_d = k_{сх} \cdot U_{\phi} = 2,34 \cdot 220 = 514,8 \text{ В}, \quad (3.11)$$

мұнда $U_{\phi} = 220 \text{ В}$ - фазалық кернеу;
 $k_{сх} = 2,34$ – үш фазалы түзеткіш үшін сұлба коэффициенті.
Конденсатордағы кернеудің қосымша көтерілуі:

$$\Delta U_c = 0,1 \cdot U_d = 0,1 \cdot 514,8 = 51,5 \text{ В}. \quad (3.12)$$

Жүктеменің активты кедергісі мына формула бойынша анықтаймыз:

$$R_H = 3R_1/2 = 3 \cdot 0,158/2 = 0,237 \text{ Ом}. \quad (3.13)$$

(3.10) формуласы бойынша конденсатордың сыйымдылығын анықтаймыз:

$$C = \frac{514,8 \cdot 0,001}{3 \cdot 0,237 \cdot 51,5} = 14 \cdot 10^{-3} \text{ Ф}.$$

Конденсатордың максимал рұқсат етілген кернеуді анықтаймыз:

$$U \geq \sqrt{2} \cdot U_d. \quad (3.14)$$

$$U \geq \sqrt{2} \cdot 514,8 = 726,2 \text{ В.}$$

Күштің сүзгіштің конденсаторы оның анықталған есептік параметрлері бойынша таңдалады.

4 Электр жетегінің табиғи және жасанды статикалық сипаттамаларын анықтау

4.1 Электр қозғалтқыштың табиғи сипаттамаларын анықтау

Электрқозғалтқыштың механикалық сипаттамасы - оның бұрыштық жылдамдығының ω айналдырушы моментке M тәуелділігі: $\omega = f(M)$.

Электрқозғалтқыштың жылдамдықтық немесе электрмеханикалық сипаттамасы - ол жылдамдықтың токка тәуелділігі: $\omega = f(I)$.

Механикалық сипаттамаларды *табиғи және жасанды сипаттамалар* деп бөледі.

Табиғи сипаттама қоректендіруші желінің параметрлері оның номиналдық параметрлеріне, ал қозғалтқыштың параметрлері оның құжаттық номиналдық параметрлеріне сәйкес болған және оның тізбегінде ешқандай қосымша электротехникалық элементтер (кедергілер, реакторлар, конденсаторлар) қосылмаған жағдайда тұрғызылады.

Көп жағдайда табиғи сипаттаманы моменттің $M=f(s)$ сырғанауға тәуелділігі арқылы есептейді.

Сырғанау мен бұрыштық бұрыштық айналу жылдамдығы арасында мынадай тәуелділік бар:

$$\omega = \omega_0(1 - S), \quad (4.1)$$

мұндағы ω_0 - синхрондық бұрыштық жылдамдық.

Механикалық сипаттамаларды нақты есептеу Клосс формуласы арқылы жүргіземіз:

$$M = \frac{2 \cdot M_k \cdot (1 + \varepsilon)}{\frac{s}{s_k} + \frac{s_k}{s} + 2 \cdot \varepsilon}, \quad (4.2)$$

мұндағы M_k – қозғалтқыштың шектік моменті;

s_k – сырғанаудың шектік мәні;

s - ағымдық мәні, сырғанаудың ағымдық мәні;

$$\varepsilon = \frac{R_1}{\sqrt{R_1^2 + X_k^2}} = \frac{0,158}{\sqrt{0,158^2 + 1,151^2}} = 0,136 - \text{коэффициент.}$$

Шектік моменттің есептік мәнін мына формула арқылы анықтаймыз:

$$M_K = \frac{3 \cdot U_{\Phi H}^2}{2 \cdot \omega_0 [R_1 \pm \sqrt{R_1^2 + X_K^2}]} = \frac{3 \cdot 220^2}{2 \cdot 104,7 \cdot [0,158 + \sqrt{0,158^2 + 1,151^2}]} = 525,4 \text{ Нм};$$

Шектік сырғанаудың мәнін мына формула арқылы анықтаймыз:


$$S_K = \pm \frac{R_2'}{\sqrt{R_1^2 + X_K^2}} = \frac{0,1247}{\sqrt{0,158^2 + 1,151^2}} = 0,107.$$

Сырғанау s мәнін 0...1 аралығында өзгертіп, моменттің мәндерін анықтаймыз да, 4.1 - кестеге ендіреміз.

4.1 кесте – Есептеу нәтижелері

S	0	0,024	0,08	0,107	0,4	0,6	0,8	1
ω , рад/с	104,67	102,15	96,3	93,5	62,8	41,88	20,94	0
M, Нм	0	240,9	506,42	525,4	279,1	206,3	156,9	126,3

Есептеу нәтижелері бойынша тұрғызылған табиғи механикалық сипаттаманың графигі 4.1 суретте келтірілген.



4.1 сурет - Электрқозғалтқыштың табиғи механикалық сипаттамасы

Ротор тогының I_2' сырғанауға S тәуелділігін мына формула бойынша есептейміз:

$$I_2' = \frac{U_H}{\sqrt{\left(R_1 + \frac{R_2'}{S}\right)^2 + X_K^2}} = \frac{220}{\sqrt{\left(0,158 + \frac{0,1247}{S}\right)^2 + 1,151^2}}, \quad (4.3)$$

мұндағы U_H -статор орамының номиналды фазалық кернеуінің мәні, В;

X_K -қысқа тұйықталудың индуктивтік кедергісі, Ом.

Сырғанау мәндерін 0...1 аралығында өзгерте отырып, I_2' тогының мәндерін анықтаймыз. Есептеу нәтижелерін 4.2 кестеге ендіреміз.

4.2 кесте - Есептеу нәтижелері

S	0	0,024	0,08	0,107	0,4	0,6	0,8	1
ω	104,7	102,2	96,3	93,5	62,8	41,88	20,94	0
I_2'	0	39,32	106,44	128,2	177,0	182,2	184,4	185,6

4.2 суретте $f=50$ Гц болған кездегі ротор тогының I_2' сырғанауға (ω) тәуелділігінің графигі көрсетілген. Бұл сипаттама табиғи электрмеханикалық сипаттама болып саналады.

I_1 статор тогын ротор тогы I_2' мен I_μ магниттеу тогының векторлық қосындысы деп қарастырып, оның модулін мына формула бойынша есептейміз:

$$I_1(S) = \sqrt{(I_2')^2 + I_\mu^2 + 2I_\mu I_2' \sin\psi_2}, \quad (4.4)$$

мұндағы $\sin\psi_2$ – статор тогының фаза бойынша ығысуы.

$$\sin\psi_2 = \frac{x_1 + x_2'}{\sqrt{\left(R_1 + \frac{R_2'}{S}\right)^2 + X_K^2}} = \frac{0,52 + 0,6233}{\sqrt{\left(0,158 + \frac{0,1247}{S}\right)^2 + 1,151^2}}. \quad (4.5)$$

I_μ – магниттеуші ток:


$$I_\mu = \frac{U_H}{\sqrt{R_1^2 + (X_1 + X_\mu)^2}} = \frac{220}{\sqrt{0,158^2 + (0,5275 + 14,86)^2}} = 14,3 \text{ А}. \quad (4.6)$$

Сырғанауға әртүрлі мән бере отырып, ротор тогының мәндерін $I_2'(s)$, (4.5) формула бойынша, ал $\sin\psi_2$ мәндерін (4.7) формула бойынша, $I_1(s)$ мәндерін (4.6) формула бойынша анықтаймыз.

Бұл формулалар бойынша жүргізілген есептеу нәтижелерін 4.3-кестеге ендіреміз.

4.3 кесте - $I_1(s)$ тәуелділігін есептеу нәтижелері

S	0	0,024	0,08	0,107	0,4	0,6	0,8	1
$\sin\psi_2$	0	0,27	0,557	0,67	0,926	0,953	0,965	0,971
$I_2'(s)$	0	39,32	106,44	128,2	177,0	182,2	184,4	185,6
$I_1(s)$	14,3	43,62	111,27	138,2	190,3	195,88	198,23	199,5
ω	104,7	102,2	96,3	93,5	62,8	41,88	20,94	0



4.2 сурет - $I_1(\omega)$ және $I_2=f(\omega)$ тәуелділіктерінің графиктері

4.2 Электрқозғалтқыштың жасанды сипаттамаларын тұрғызу

Қоректендіруші желінің параметрлері номиналдық мәндерден өзгеше болған кезге немесе статор орамалардың қосылу сұлбасы өзгерген кезде немесе қозғалтқыш тізбегіне қосымша электротехникалық элементтер қосылған кездегі жұмыс режимдеріне сәйкес келетін сипаттамаларды электрқозғалтқыштың *жасанды сипаттамалар* дейді. Қозғалтқышта мұндай сипаттамалар сан жағынан шектеусіз көп болуы мүмкін. Егер жасанды сипаттамалар қозғалтқыштың координаттарын (токты, моментті, жылдамдықты, орынжағдайды) реттеу үшін арнайы түрде қолданылған жағдайда оларды кейде *реттеушік сипаттамалар* деп те аталуы мүмкін.

Жүктеме моментінің сипаттамасына сәйкес жиіліктік реттеу заңы (U_{1i}/f_{1i}) таңдалады. Жүктеме моменті әртүрлі болуы мүмкін.

Егер жүктеме моменті жылдамдыққа тәуелді сипаты сызықтық емес болса, онда ол мына өрнекпен жазылады:

$$M_c = M_0 + \frac{k''}{\omega}; \quad (4.7)$$

мұндағы ω - ротордың бұрыштық айналу жиілігі, c^{-1} ;

k'' - жүктеме моментінің өзгеруін анықтайтын коэффициент.

Егер жүктеменің моментінің жылдамдыққа тәуелді сипаты желдеткіштік сипатта болса, онда ол мына өрнекпен сипатталады:

$$M_c = M_0 + k' \omega^x. \quad (4.8)$$

мұндағы $M_0=0,1M_H$ - бос жүріс моменті, Нм.

$$K_H=(M_H - M_{xx})/\omega_H^2. \quad (4.9)$$

Жүктеменің моменті жылдамдыққа тәуелді сипаты тұрақты ($M_c=M_H=const$) болуы да мүмкін.

Біз жобада скалярлық басқару заңын ($\frac{U_H}{f_H} = const$) таңдағандықтан жасанды механикалық сипаттамалар осы заңға сәйкес тұрғызамыз.

Қозғалтқыштың статор орамаларына берілетін кернеудің жиілігін өзгерткен кезде жиілікке тәуелді параметрлер - синхронды айналу жиілігі ω_0 , сырғанау S және статор кедергісі мен ротордың шашыраңқы индуктивті кедергісі - өзгереді:

$$\omega_0 = \frac{2\pi}{z_p} \left(\frac{f_1}{f_{1H}} \right), \quad (4.10)$$

$$s = 1 - \frac{\omega}{\omega_0} = 1 - \frac{\omega}{\frac{2\pi}{z_p} \left(\frac{f_1}{f_{1H}} \right)}, \quad (4.11)$$

$$X_1 + X_2' = (X_1 + X_2') \left(\frac{f_1}{f_{1H}} \right). \quad (4.12)$$

$M_c=M_H=const$ тұрақты жүктеме болғанда жиілік пен кернеу арақатынас келесі формуламен өрнектеледі:

$$\frac{U_i}{f_{1i}} = \frac{U_H}{f_{1H}} = const. \quad (4.13)$$

Электрозғалтқыш моментін анықтайтын өрнекке жиілік пен кернеудің арақатынастарын анықтайтын мәндерді қойып, есептеу жүргізіледі:

$$M = \frac{3 \cdot U_\phi^2(f) \cdot \frac{R_2'}{S(f)}}{\omega_0(f) \cdot \left[\left(R_1 + \frac{R_2'}{S(f)} \right)^2 + x_k^2(f) \right]}. \quad (4.14)$$

Енді механикалық сипаттаманы есептеу мына өрнек бойынша жүргізіледі:

$$M = \frac{3 \cdot (U_{\phi,ном} \cdot f^*)^2 \cdot \frac{R_2' \cdot \omega_{0н} \cdot f^*}{\omega_{0н} \cdot f^* - \omega}}{\omega_{0н} \cdot f^* \cdot \left[\left(R_1 + \frac{R_2' \cdot \omega_{0н} \cdot f^*}{\omega_{0н} \cdot f^* - \omega} \right)^2 + (x_k \cdot f^*)^2 \right]} \quad (4.15)$$

немесе

$$M = \frac{3 \cdot (U_{\phi,ном} \cdot f^*)^2 \cdot R_2'}{\omega_{0н} \cdot f^* \cdot s \cdot \left[\left(R_1 + \frac{R_2'}{s} \right)^2 + (x_k \cdot f^*)^2 \right]}$$

Егер жиілік $f_1 = 30$ Гц болса, онда $f^* = 30/50 = 0,6$, ал $U_1 = 220 \cdot 0,6 = 132$ В тең болады.

Бұл жиілікте шектік сырғанау мынаған тең:

$$s_{k30} = \pm \frac{R_2'}{\sqrt{R_1^2 + [(X_1 + X_2') \cdot f^*]^2}} = \frac{0,1247}{\sqrt{0,158^2 + (1,15 \cdot 0,6)^2}} = 0,176.$$

Моменттің есептік формуласы мынадай болады:

$$M = \frac{3 \cdot 132^2 \cdot 0,1247'}{104,7 \cdot 0,6 \cdot s \cdot \left[\left(0,158 + \frac{0,1247'}{s} \right)^2 + (1,15 \cdot 0,6)^2 \right]}$$

Сырғанаудың мәнін 0...1 аралығында өзгерте отырып, моменттің мәнін анықтаймыз. Ол мәндерді 4.4 кестеге ендіреміз.

4.4 кесте - $f_{11} = 30$ Гц болған кездегі есептеу нәтижелері

$f_{1н} = 50$ Гц	S	0	0,1	0,176	0,3	0,4	0,6	0,8	1
$f_1 = 30$ Гц	ω	62,82	56,54	51,76	43,97	37,7	25,13	12,56	0
	M	0	423.50	480.50	429.55	372.30	283.53	225.72	186.62

Егер жиілік $f_1 = 20$ Гц болса, онда $f^* = 20/50 = 0,4$, ал $U_1 = 220 \cdot 0,4 = 88$ В тең болады.

Бұл жиілікте шектік сырғанау мынаған тең:

$$s_{k20} = \pm \frac{R_2'}{\sqrt{R_1^2 + [(X_1 + X_2') \cdot f^*]^2}} = \frac{0,1247}{\sqrt{0,158^2 + (1,15 \cdot 0,4)^2}} = 0,256.$$

Моменттің есептік формуласы мынадай болады:

$$M = \frac{3 \cdot 88^2 \cdot 0,1247}{104,7 \cdot 0,4 \cdot s \cdot \left[\left(0,158 + \frac{0,1247}{s} \right)^2 + (1,15 \cdot 0,4)^2 \right]}$$

Сырғанаудың мәнін 0...1 аралығында өзгерте отырып, моменттің мәнін анықтаймыз. Ол мәндерді 4.5 кестеге ендіреміз

4.5 кесте - $f_{11}=20$ Гц болған кездегі есептеу нәтижелері

$f_{1H}=50$ Гц $f_1=20$ Гц	S	0	0,1	0,256	0,4	0,6	0,8	1
	ω	41,9	37,7	31,2	25,1	16,6	8,4	0
	M	0	316.50	430.44	400.07	333.76	278.82	237.29

Егер жиілік $f_1=10$ Гц болса, онда $f^*=10/50=0,2$, ал $U_1=220 \cdot 0,2=44$ В тең болады.

Бұл жиілікте шектік сырғанау мынаған тең:

$$s_{k10} = \pm \frac{R_2}{\sqrt{R_1^2 + [(X_1 + X_2) \cdot f]^2}} = \frac{0,1247}{\sqrt{0,158^2 + (1,15 \cdot 0,2)^2}} = 0,446.$$

Моменттің есептік формуласы мынадай болады:


$$M = \frac{3 \cdot 44^2 \cdot 0,1247}{104,7 \cdot 0,2 \cdot s \cdot \left[\left(0,158 + \frac{0,1247}{s} \right)^2 + (1,15 \cdot 0,2)^2 \right]}$$

Сырғанаудың мәнін 0...1 аралығында өзгерте отырып, моменттің мәнін анықтаймыз. Ол мәндерді 4.6 кестеге ендіреміз

4.6 кесте - $f_{11}=10$ Гц болған кездегі есептеу нәтижелері

$f_{1H}=50$ Гц $f_1=10$ Гц	S	0,00	0,20	0,45	0,60	0,80	1
	ω	20,94	16,75	11,6	8,4	4,2	0
	M	0	260.59	317.32	308.70	285.53	260.41

Асинхронды қозғалтқыштың әртүрлі жиілік ($f=50;30;20;10$ Гц) кезіндегі жасанды механикалық сипаттамалары 4.4 суретте келтірілген.



4.3 сурет - Асинхронды қозғалтқыштың әртүрлі жиілік ($f = 50; 30; 20; 10$ Гц) кезіндегі жасанды механикалық сипаттамалары

Енді асинхронды қозғалтқыштың әртүрлі жиілікке ($f = 50; 30; 20; 10$ Гц) сәйкес келетін жылдамдықтық (электрмеханикалық) сипаттамаларын есептейміз.

Жылдамдықтық сипаттаманы I_2' тоқ мәнінің негізінде алуға болады. Жылдамдық сипаттаманы әртүрлі жиілікті кернеуде есептеп, кестеге енгіземіз.

$$I_2' = \frac{U_\phi(f)}{\sqrt{\left[\left(R_1 + \frac{R_2'}{S(f)} \right)^2 + (x_k \cdot f^*)^2 \right]}} \quad (4.16)$$

мұндағы $S(f)$ – берілген жиіліктегі сырғанау, оны келесі формуламен анықтауға болады:

$$S(f) = \frac{\omega_0 \cdot f^* - \omega}{\omega_0 \cdot f^*}, \quad (4.17)$$

мұндағы $f^* = f_i / f$;

ω_0 – синхрондық бұрыштық айналу жылдамдығы, біздің жағдайымызда $\omega_0 = 104,7$ рад/с;

f – қоректендіретін кернеудің берілген жиілігі, $f = 50$ Гц;

f_i - өзгертін жиіліктің мәндері.

Егер жиілік $f_1 = 30$ Гц болса, онда $f = 30/50 = 0,6$, ал $U_1 = 220 \cdot 0,6 = 132$ В тең болады.

Бұл жиілікте ротор тогы мына формула бойынша анықталады:

$$I_2' = \frac{132}{\sqrt{\left[\left(0,158 + \frac{0,1247'}{S(f)} \right)^2 + (1,15 \cdot 0,6)^2 \right]}}$$

Есептеу нәтижелері 4.7 кестеге ендіреміз.

4.7 кесте - Есептеу нәтижелері

$f_{1H} = 50$ Гц	S	0	0,1	0,176	0,3	0,4	0,6	0,8	1
$f_1 = 30$ Гц	ω	62,82	56,54	51,76	43,97	37,7	25,13	12,56	0
	I_2'		84,33	119,17	147,10	158,14	169,02	174,13	177,02

Егер жиілік $f_1 = 20$ Гц болса, онда $f = 20/50 = 0,4$, ал $U_1 = 220 \cdot 0,4 = 88$ В тең болады.

Бұл жиілікте ротор тогы мына формула бойынша анықталады:

$$I_2' = \frac{88}{\sqrt{\left[\left(0,158 + \frac{0,1247'}{S(f)} \right)^2 + (1,15 \cdot 0,4)^2 \right]}}$$

Есептеу нәтижелері 4.8-кестеге ендіреміз.

4.8 кесте - Есептеу нәтижелері

$f_{1H} = 50$ Гц	S	0	0,1	0,256	0,4	0,6	0,8	1
$f_1 = 20$ Гц	ω	41,9	37,7	31,2	25,1	16,6	8,4	0
	I_2'		59,52	111,07	133,85	149,73	158,02	162,99

Егер жиілік $f_1 = 10$ Гц болса, онда $f = 10/50 = 0,2$, ал $U_1 = 220 \cdot 0,2 = 44$ В тең болады.

Бұл жиілікте ротор тогы мына формула бойынша анықталады:

$$I_2' = \frac{44}{\sqrt{\left[\left(0,158 + \frac{0,1247'}{S(f)} \right)^2 + (1,15 \cdot 0,2)^2 \right]}}$$

Есептеу нәтижелері 4.9 -кестеге ендіреміз.

4.9 кесте - Есептеу нәтижелері

$f_{1H}=50\text{Гц}$ $f_1=10\text{Гц}$	S	0,00	0,20	0,45	0,60	0,80	1
	ω	20,94	16,75	11,6	8,4	4,2	0
	I_2'		54.01	89.40	101.82	113.07	120.73


Әртүрлі жиіліктер үшін кестелерде келтірілген деректер бойынша электромеханикалық сипаттамаларды тұрғызамыз (4.4 сурет).

5 Электржетектің функционалдық және құрылымдық сұлбалары және динамикалық режимдерді зерттеу


5.1 Электржетектің функционалдық және құрылымдық сұлбалары

$\psi_1 = \text{const}$ заңын жүзеге асыру үшін құрамына қарқын бергіш жиілік реттегіш, кернеу реттегіш, функционалдық түрлендіргіш, жиіліктік түрлендіргіш, ток датчигі, асинхронды қозғалтқыш кіретін және ток бойынша кері байланыс кіретін функционалдық сұлбасы ұсынамыз.

Автоматтандырылған электржетектің функционалдық сұлбасы 5.1-суретте көрсетілген.



4.4 сурет – Қозғалтқыштың әртүрлі жиіліктегі (50 Гц;30Гц;20 Гц;10 Гц) электромеханикалық сипаттамалары




5.1 сурет -Автоматтандырылған электржетектің функционалдық сұлбасы

5.1 суреттегі шартты белгілер мынаны білдіреді:

- ҚБ – қарқын бергіш;
- ЖР – жиілік реттегіш;
- КР – кернеу реттегіш;
- ФТ – функционалдық түрлендіргіш;
- ЖТ – жиіліктік түрлендіргіш;
- ТД – ток датчигі;
- АҚ – асинхронды қозғалтқыш;

АҚ кернеуін $\Psi_1 = const$ заңы бойынша реттегенде механикалық сипаттаманың қатаңдығының β модулінің тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. 5.2 суретте электр жетегінің құрылымдық сұлбасы келтірілген.



5.2 сурет - Автоматтандырылған электр жетегінің құрылымдық сұлбасы

Мұндай жүйеде басқарудың автоматтандырылған жүйесі шығысындағы кернеудің мынадай амплитудасын қамтамасыз ету керек:

5.2 Қозғалтқыштың математикалық моделі және құрылымдық сұлбасы

Асинхронды электр жетегін басқару жүйесінің структуралық сұлбасын құруды алдымен асинхронды қозғалтқыштың моделін оның толық дифференциалдық теңдеулерін қолдану арқылы құрастырамыз.

Егер u өсін нақты өс деп, ал v өсін жорамал өс деп қабылдасақ, онда дифференциалдық теңдеулерді векторлық түрде жазуға болады.

Екі фазалы асинхронды қозғалтқыштың u мен v өстеріндегі математикалық моделі мына түрде жазылады:

$$\begin{aligned} \omega_k &= 0; \\ \bar{U}_1 &= \bar{i}_1 R_1 + \frac{d\bar{\psi}_1}{dt}; \\ 0 &= \bar{i}_2 R_2 + \frac{d\bar{\psi}_2}{dt} - j\omega_{\text{эл}} \bar{\psi}_2; \\ \bar{M} &= p_{\text{п}} L_{12} \text{Im}(\bar{i}_1 * \bar{i}_2^*) = p_{\text{п}} L_{12} (i_{1\beta} i_{2\alpha} - i_{1\alpha} i_{2\beta}), \end{aligned} \quad (5.3)$$

мұндағы ω_k – координата өстердің айналу жылдамдығы.

i_v, i_u – токтың құраушылары;

ψ_v, ψ_u – ағын ілінісуі;

R_1 – статор кедергісі;

M – қозғалтқыштың электромагниттік моменті;

L_1, L_2 – статор мен ротордың фазалаырың индуктивтілігі;

L_{12} – өзаралық индуктивтілік;

U_1 – статордағы кернеу.

Бұл модельдегі барлық айнымалылар статор тогының жиілігімен өзгереді.

Екі фазалы асинхронды қозғалтқыштың α мен β өстеріндегі математикалық моделі:

$$\begin{aligned} \frac{di_{1\alpha}}{dt} &= K_1(U_{1\alpha} - i_{1\alpha}R_1) + K_3i'_{2\alpha} + K_2e_{1\beta}; \\ \frac{di_{1\beta}}{dt} &= K_1(U_{1\beta} - i_{1\beta}R_1) + K_3i'_{2\beta} - K_2e_{1\alpha}; \\ \frac{di'_{2\alpha}}{dt} &= -K_2(U_{1\alpha} - i_{1\alpha}R_1) - K_5i'_{2\alpha} - K_4e_{1\beta}; \\ \frac{di'_{2\beta}}{dt} &= -K_2(U_{1\beta} - i_{1\beta}R_1) - K_5i'_{2\beta} - K_4e_{1\alpha}; \\ \frac{d\omega}{dt} &= \frac{1}{J}(M - |M_c|\text{sign}\omega); \\ M &= K_6(i_{\beta}i'_{2\alpha} - i_{1\alpha}i'_{2\beta}); \\ e_{1\alpha} &= \omega_{\text{эл}}(L_2i'_{2\alpha} + L_{12}i_{1\alpha}); \end{aligned} \quad (5.4)$$

$$\begin{aligned}
e_{1\beta} &= \omega_{\text{эл}}(L_2 i'_{2\beta} + L_{12} i_{1\beta}); \\
\omega_{\text{эл}} &= p_{\text{п}} \omega; \\
K_1 &= \frac{L_2}{L_1 L_2 - L_{12}^2}; K_2 = \frac{L_{12}}{L_1 L_2 - L_{12}^2}; K_3 = K_2 R'_2; \\
K_4 &= \frac{L_1}{L_1 L_2 - L_{12}^2}; \\
K_5 &= K_4 R'_2; \\
K_6 &= \frac{3}{2} p_{\text{п}} L_{12}; \\
U_{1\alpha} &= U_{1m} \cos[\phi_{\text{эл}}(t)]; \\
U_{1\beta} &= U_{1m} \sin[\phi_{\text{эл}}(t)]; \\
\phi_{\text{эл}} &= 2\pi f_{1\text{НОМ}} \int \alpha(t) dt; \\
\alpha(t) &= \frac{f_1(t)}{f_{1\text{НОМ}}};
\end{aligned}$$

мұндағы M, M_c – қозғалтқыш моменті және механизм кедергісінің статикалық моменті.

J_{Σ} - механизм инерциясының суммарлық моменті.

Қозғалтқышты басқару нысаны ретінде қарастырып, оның параметрлерлерін есептеу керек. Адымен екі фазалы модель үшін $K_1, K_2, K_3, K_4, K_5, K_6$ коэффициенттерін есептейміз. Ол үшін алдымен олардың есептік формулаларына кіретін параметрлерді есептеу керек.

Статордың индуктивтілігін мына формула бойынша анықтаймыз:

$$L_1 = \frac{X_1 + X_{\mu}}{2\pi f} = \frac{0,5275 + 14,86}{314} = 0,049 \text{ Гн.} \quad (5.5)$$

Ротордың индуктивтілігін мына формула бойынша анықтаймыз:

$$L_2 = \frac{X_2 + X_{\mu}}{2\pi f} = \frac{0,6233 + 14,86}{314} = 0,0493 \text{ Гн.} \quad (5.6)$$

Өзіндік индукция мына формула бойынша анықтаймыз:

$$L_{12} = \frac{4,42}{314} = 0,0473 \text{ Гн.} \quad (5.7)$$

Стартор тізбегінің эквивалентті индуктивтілігі мына формула бойынша анықтаймыз:

$$L_{\text{э}} = L_1 - \frac{L_{12}^2}{L_2} = 0,049 - \frac{0,0473^2}{0,0493} = 0,00357 \text{ Гн.} \quad (5.8)$$

$$K_1 = \frac{L_2}{L_1 L_2 - L_{12}^2} = \frac{0.0493}{0.049 \cdot 0.0493 - 0.0473^2} = 276,33 \frac{1}{\Gamma\text{H}}. \quad (5.9)$$

$$K_2 = \frac{L_{12}}{L_1 L_2 - L_{12}^2} = \frac{0.0473}{.049 \cdot 0.0493 - 0.0473^2} = 265,12 \frac{1}{\Gamma\text{H}}. \quad (5.10)$$

$$K_3 = K_2 R_2 = 265,12 \cdot 0.1247 = 33,1 \frac{1}{\Gamma\text{H}}. \quad (5.11)$$

$$K_4 = \frac{L_1}{L_1 L_2 - L_{12}^2} = \frac{0.049}{.049 \cdot 0.0493 - 0.0473^2} = 274,65 \frac{1}{\Gamma\text{H}}. \quad (5.12)$$

$$K_5 = K_4 R_2 = 274,65 \cdot 0.1247 = 34.25 \frac{1}{\Gamma\text{H}}. \quad (5.13)$$


$$K_6 = \frac{3}{2} \cdot P_{\Pi} L_{12} = \frac{3}{2} \cdot 3 \cdot 0.0473 = 0,213 \text{ Ом}. \quad (5.14)$$

$$R_3 = R_1 + R_2 \left(\frac{L_{12}^2}{L_2^2} \right) = 0.158 + 0.1247 \cdot \frac{0.0473^2}{0.0493^2} = 0.282 \text{ Ом}. \quad (5.15)$$

$$T_3 = \frac{L_3}{R_3} = \frac{0.00357}{0.282} = 0.0127 \text{ с}. \quad (5.16)$$

$$\Psi_1 = \frac{E_S \cdot \text{НОМ}}{2 \cdot \pi \cdot f_{1\text{НОМ}}} = \frac{217}{314} = 0,69 \text{ Вб}. \quad (5.17)$$

Екі фазалы асинхрондық қозғалтқыштың құрылымдық сұлбасы 5.4-суретте келтірілген.



5.4 сурет - Екі фазалы асинхрондық қозғалтқыштың құрылымдық сұлбасы

5.3 Электржетектің реттелетін параметрлерінің датчиктерін таңдау

IR-компенсацияланған, жиіліктік басқарылатын асинхронды қозғалтқыш үшін ток датчигі қозғалтқыштың фазаларындағы токтардың лездік мәндерін өлшеу негізінде таңдалуы керек. Онан кейін фаза тогының әрекеттік мәнінің сигналын қалыптастыру керек.


$$i_{\alpha} = i_a,$$
$$i_{\beta} = \frac{i_b - i_c}{\sqrt{3}},$$
$$I_1 = \frac{1}{\sqrt{2}} \sqrt{i_{\alpha}^2 + i_{\beta}^2}.$$

Статордың номинал тогына сәйкес ($I_H=45,8$ А) Холл элементтері негізінде жасалған, HAS сериялы «LEM» фирмасы шығарған 3 ток датчигін таңдаймыз.

HAS -50 S/SP1 типті ток датчигінің негізгі техникалық параметрлері:

- номиналдық біріншілік ток, $I_{PN}=50$ А;
- түрлендіру диапазоны, 150 А;
- қоректендіруші кернеу - +5 В.


HAS сериялы ток датчигінің сипаттамасы 5.5 суретте көрсетілген.



5.5 сурет – HAS сериялы ток датчигінің сипаттамасы

5.4 Электржетектің динамикалық сипаттамаларын талдау

Электржетектің динамикалық сипаттамаларын талдау компьютерде құрылған асинхронды электржетектің виртуалды моделінде жүргізіледі. Бұл моделде өтпелі үрдістерді зерттеледі. Виртуалды моделді құру үшін MatLab 6.5 бағдарламалық пакетінің Simulink кітапханасын қолданамыз. Бұл кітапханада виртуаль әр түрлі элементтердің модельдері келтірілген. Электр жетектер жүйесінің виртуалды моделіне кіретін блоктардың параметрлерін арнаулы терезеге ендіруге, өзгертуге мүмкіндік жасалған. 5.6 суретте асинхронды электржетектің MatLab 6.5 бағдарламалық пакетінде жасалған виртуалды моделі көрсетілген.



5.6 сурет – Асинхронды электржетектің MatLab 6.5 бағдарламалық пакетінде жасалған виртуалды моделі

Виртуалдық модель келесі элементтерден тұрады:

- үш фазалы асинхронды қозғалтқыш (Asynchronous Machine SI Unit блогі);
- үш фазалы кернеу көзі (3-Phase Programmable Voltage Source блогі);
- Three-Phase V-I Measurement – бұлар ток пен кернеуді өлшеуге арналған мультиметр ретінде саналады;
- екі элементті Scope – қозғалтқыштың білігіндегі момент пен қозғалтқыштың роторының айналу жиілігінің, сонымен қатар желідегі ток пен кернеудің графиктерін көрсетуге арналған осциллограф;

- екі элементті Display жылдамдық пен моменттің мәндерін өлшеуге арналған аспап;

- Timer– белгілі бір уақыт сәттерінде қозғалтқыш білігіне жүктеме беруді және ол жүктемені алып тастауды жүзеге асыратын элемент.

Зерттеудің алдында ендіру терезелеріне қажетті параметрлерді ендіріледі.

Ендіру терезесіне ендіретін қозғалтқыштың параметрлері (5.7сурет):

- қозғалтқыштың номиналдық қуаты (Вт), желілік кернеу $U_{ж}$ (В), жиілік (f), айналу жылдамдығы, айн/мин;


- статор тізбегінің активті кедергісі R_s (Ом) мен индуктивтілігі L_s (Гн);

- ротор тізбегінің активті кедергісі R_r (Ом) и индуктивтілігі L_r (Гн);

- өз аралық индуктивтілік L_m (Гн);

- машинаның инерциялық моменті J (N.m.s);

- құрғақ үйкеліс коэффициенті F (N.m).



5.7 сурет – Қозғалтқыштың құжаттық параметрлерін ендіретін терезе

Үш фазалы кернеу көзінің (3 Phase Programmable Voltage Source) ендіру терезелеріне мына параметрлерді енгіземіз:

- желілік кернеудің амплитудасы;
- кернеудің бастапқы фазасы;
- кернеудің жиілігі.

Динамикалық сипаттамаларды зерттеу үшін мынадай режимдерді қарастырылады.

Бірінші режимде жүктелген қозғалтқышты іске қосу режимін үш түрлі жиілікте ($f_1=50$ Гц, $f_2=30$ Гц, $f_3=15$ Гц) болған кезде қарастырамыз.

Екінші режимде кернеудің жиілігі әртүрлі болған кезде ($f_1=50$ Гц, $f_2=30$ Гц, $f_3=15$ Гц) қозғалтқышқа жүктеме беру және алып тастау әртүрлі уақытта орындалған кездегі өтпелі үрдістер қарастырылады.

Электржетекте $\frac{U}{f} = const$ жиіліктік реттеу заңы қолданылғандықтан. $f=50$ Гц болған кезде $U_{л}=380$ В; $f=30$ Гц болған кезде $U_{л}=228$ В; ал $f=15$ Гц болған кезде $U_{л}=114$ В тең етіп аламыз.

5.8 суретте қоректендіргіш желінің жиілігі $f=50$ Гц, желілік кернеу $U_{ж}=380$ В және $M=0,54M_{н}=117$ Нм болған жағдайда өтпелі үрдістердің $\omega=f(t)$ және $M_{в}=f(t)$ графиктері көрсетілген.

5.8 сурет бойынша артық реттелу

$$\delta = \frac{\Delta\omega}{\omega_{нур}} = \frac{8}{103,5} \cdot 100\% = 7,7\%.$$


Өтпелі үрдістің ұзақтылығы: $t_{өм}=1,3$ с. Тұрақталған режим кезіндегі $\omega_{н}=103,5$ рад/сек.

5.9 суретте желінің жиілігі $f=30$ Гц, желілік кернеу $U_{ж}=228$ В және $M=0,84M_{н}=183$ Нм болған жағдайда өтпелі үрдістердің $\omega=f(t)$ және $M_{в}=f(t)$ графиктері көрсетілген.


5.9 сурет бойынша артық реттелу

$$\delta = \frac{\Delta\omega}{\omega_{нур}} = \frac{4}{60,78} \cdot 100\% = 6,6\%.$$

Өтпелі үрдістің ұзақтылығы: $t_{өм}=0,8$ с. Тұрақталған режим кезіндегі $\omega_{н}=60,78$ рад/сек.



5.8 сурет - $f=50$ Гц, $U_{ж}=380$ В және $M=0,54M_H=117$ Н·м болғанда өтпелі үрдістердің $\omega=f(t)$ және $M_B=f(t)$ графиктері




5.9 сурет - $f=30$ Гц, $U_{ж}=228$ В және $M=0,83$, $M_H=80$ Н·м болған жағдайда өтпелі үрдістердің $\omega=f(t)$ және $M_B=f(t)$ графиктері

5.10 суретте желінің жиілігі $f=15$ Гц, желілік кернеу $U_{ж}= 114$ В және $M=M_H=217$ Нм болған жағдайда өтпелі үрдістердің $\omega=f(t)$ және $M_B=f(t)$ графиктері көрсетілген.

5.10 сурет бойынша артық реттелу

$$\delta = \frac{\Delta\omega}{\omega_{\text{нор}}} = \frac{2}{28,61} \cdot 100\% = 7,0\%.$$

Өтпелі үрдістің ұзақтылығы: $t_{\text{от}}=0,8$ с. Тұрақталған режим кезіндегі $\omega_H=28,61$ рад/сек.




5.10 сурет - $f=15$ Гц, $U_{ж}= 114$ В және $M=M_H=217$ Н·м болған жағдайда өтпелі үрдістердің $\omega=f(t)$ және $M_B=f(t)$ графиктері

Жоғарыда келтірілген графиктерді талдау момент мен жылдамдық мәндері іске қосу сәтінде күрт көтеріліп, өтпелі үрдістің соңына қарай тұрақталған мәндерге (графиктерде олар салыстырмалы бірлікпен берілген) жететіндігін көрсетеді.

Келесі режимде қозғалтқыштың жұмысын Timer арқылы әртүрлі уақытта оған жүктеме берген және одан жүктемені алған кездегі жұмыстық режимдерін қарастырамыз (үш түрлі жиілікте, яғни $f_1=50$ Гц, $f_2=30$ Гц, $f_3=15$ Гц болғанға кезде)

5.11 суретте қоректендіргіш кернеудің жиілігі $f=50$ Гц, мәні $U_{ж}= 380$ В және жүктеме $M=M_{н}= 217$ Нм болған кезде және жүктеменің берілуі мен алып тасталуы әртүрлі уақытта болған жағдайда өтпелі үрдістердің $\omega=f(t)$ және $M_{в}=f(t)$ графиктері көрсетілген.

5.11 суреттегі графикті талдайық. Қозғалтқыш алдымен бос жүріс режимінде жасайды, өтпелі үрдістің ұзақтығы $t_{бж}= 0,4$ с, бұрыштық жылдамдық $\omega_{бж}=104,7$ рад/сек жетеді де тұрақтанады. Онан кейін уақыт $t_6= 0,7$ с болғанда жүктеме ($M=M_{н}=217$ Нм) беріледі, бұл кезде жылдамдық $\omega_{н}=102,5$ рад/сек дейін, номинал мәнге дейін төмендейді, өтпелі үрдістің ұзақтығы $t_{н}= 0,2$ с тең болады. Онан кейін уақыт $t_a= 1,5$ с болғанда жүктеме ($M=0$ Нм) алынып тасталынады, бұл кезде жылдамдық $\omega_{бж}=104,7$ рад/сек дейін, босжүрістік мәнге дейін жоғарлайды, өтпелі үрдістің ұзақтығы $t_{н}= 0,2$ с тең болады.




5.11 сурет - Жүктеменің берілуі мен алып тасталуы әртүрлі уақытта болған жағдайда өтпелі үрдістердің $\omega=f(t)$ және $M_{в}=f(t)$ графиктері ($f=50$ Гц, $U_{ж}= 380$ В, $M=M_{н}= 217$ Н·м)

5.12 суретте қоректендіргіш кернеудің жиілігі $f=30$ Гц, мәні $U_{ж}= 228$ В және жүктеме $M=M_{н}= 217$ Нм болған кезде және жүктеменің берілуі мен алып тасталуы әртүрлі уақытта болған жағдайда өтпелі үрдістердің $\omega=f(t)$ және $M_{в}=f(t)$ графиктері көрсетілген.

5.12 суреттегі графиктерді талдау негізінде мынадай қорытынды жасауға болады. Қозғалтқыш жүктемесіз іске қосқан кезде өтпелі үрдістің ұзақтығы

$t_{\text{бж}}=0,6$ с, бұрыштық жылдамдық $w_{\text{бж}}=62,8$ рад/сек жетеді де тұрақтанады. Уақыт $t_6= 1,3$ с болғанда жүктеме ($M=M_H=217$ Нм) беріледі, бұл кезде жылдамдық $w_H=60,8$ рад/сек дейін, номинал мәнге дейін төмендейді, өтпелі үрдістің ұзақтығы $t_H= 0,4$ с тең болады. Уақыт $t_a= 1,3$ с болғанда жүктеме ($M=0$ Нм) алынады, бұл жағдайда жылдамдық $w_{\text{бж}}=62,8$ рад/сек дейін, босжүрістік мәнге дейін жоғарлайды, өтпелі үрдістің ұзақтығы $t_H= 0,4$ с.




5.12 сурет - Жүктеменің берілуі мен алып тасталуы әртүрлі уақытта болған жағдайда өтпелі үрдістердің $\omega=f(t)$ және $M_B=f(t)$ графиктері ($f=30$ Гц, $U_{\text{ж}}=228$ В, $M=M_H= 217$ Н·м)

5.13 суретте кернеудің жиілігі $f=15$ Гц, мәні $U_{\text{ж}}= 114$ В және жүктеме $M=M_H= 97$ Нм болған кезде және жүктеменің берілуі мен алып тасталуы әртүрлі уақытта болған жағдайда өтпелі үрдістердің $\omega=f(t)$ және $M_B=f(t)$ графиктері көрсетілген.

